

Қазақстан
Республикасындағы
балалардың жағдайы туралы
баяндама

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті

Астана, 2013 жыл

Мазмұны

1.	Кіріспе	3
2.	Қазақстан Республикасы балаларының негізгі демографиялық сипаттамалары	4
3.	Балалардың құқықтарын заңнамалық қорғау саласындағы мемлекет саясаты	7
4.	Балаларға білім беру және оларды тәрбиелеу саласындағы мемлекет саясаты	10
5.	Балалардың денсаулығын қорғау саласындағы мемлекет саясаты	31
6.	Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау саласындағы мемлекет саясаты	46
7.	Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты мемлекет саясаты	51
8.	Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз және панасыз қалуының, балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының, оларға қатігездік көрсетудің, зорлық-зомбылықтың, балалар еңбегін пайдаланудың профилактикасы саласындағы мемлекет саясаты	58
9.	Отбасы және отбасылық тәрбие құндылығын насихаттау, адамның адамгершілік-рухани дамуын ақпараттық сүйемелдеу саласындағы мемлекет саясаты	72
10.	Балалар құқықтарын қорғау мәселелеріндегі мемлекет саясаты	74
11.	Халықаралық, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік	77

	әріптестік саласындағы мемлекет саясаты	
12.	Қорытындылар мен тұжырымдар	81

Кіріспе

Балаларға қамқорлық – еліміздің мемлекеттік саясатының ажырамас бөлігі болып табылады.

«Қазақстан-2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында еліміздің Президенті әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттарын айқындап, балалықты қорғауды елдің дамуының таяу жылдарға арналған маңызды басымдықтарының бірі ретінде белгілеп берді және мемлекеттік органдардың оны іске асыру жөніндегі қызметінің негізгі басымдықтарын айқындады.

Мемлекеттік әлеуметтік саясат Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына және халықаралық міндеттемелерге сәйкес физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік және әлеуметтік тұрғыдан баланың толыққанды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Министрліктер мен ведомстволар балалардың өмір сүру сапасының әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде шаралар қабылдауда.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы кезекті баяндаманы ұсынып отыр.

Баяндама «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 01-38.152 бұйрығына сәйкес дайындалған.

Баяндаманың мақсаты Мемлекет басшысын Қазақстандағы бала құқықтарының жағдайы туралы хабардар ету болып табылады.

Онда балалардың жағдайы туралы 2013 жылғы ақпарат, сондай-ақ оны жақсартуға бағытталған шаралар туралы ақпарат келтірілген.

Баяндамада Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен үкіметтік емес ұйымдары ұсынған балалардың жағдайы және оның өзгеру үрдістері туралы ресми деректер негізге алынған.

Баяндамада балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту, балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы, тамақтануы, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау мәселелері көрсетілген.

Жекелеген тараулар өмірде қиын жағдайға тап болған балалардың (жетім балалардың, қадағалаусыз және қараусыз қалған балалардың, мүгедек

балалардың, мигранттардың, аз ұлттардың балаларының және т.б.) жағдайына, сондай-ақ оларды қорғау және әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды дамытуға арналған.

Баяндаманың қорытындысында негізгі тұжырымдар мен балалардың құқықтарын, оларды қорғауды және дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі қажетті іс-шараларды әзірлеу үшін ұсынымдар жасалған.

Қазақстан Республикасы балаларының негізгі демографиялық сипаттамалары

Қазақстан Республикасында демографиялық саясат бала тууды өсіруге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, өлім-жітімді азайтуға және соның нәтижесінде адамның өмір сүру сапасын арттыруға және өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуға бағытталған.

Әлеуметтік және демографиялық саясат шараларын дәйекті іске асыру нәтижесінде демографиялық процестердің оң серпіні одан әрі дами түсті.

Бұл саясатты іске асырудың негізгі көрсеткіші республиканың халық санының ұлғаюы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша **2013 жылғы 1 қаңтарға** халық саны **16 909 776** адамды құрады. 2012 жылмен салыстырғанда халық санының **236 699** адамға өскен (2012 жылғы 1 қаңтарға халық саны - **16 673 077** адам).

Оның ішінде әйелдердің саны – **8 750 895**, ерлердің саны – **8 158 881**.




Балалардың жалпы саны ұдайы ұлғайып келеді.

0 – 18 жас аралығындағы балалардың саны – **5 029 936**, 2012 жылы – **4 934 542**.

Бала туу көрсеткіші біртіндеп ұлғаю үрдісінде қалып отыр. Республикадағы

бір жасқа толмаған балалардың саны – **376 574**.

Қазақстан Республикасы тұрғындарының құрылымындағы **0 – 18 жас аралығындағы** балалардың үлесі **30%-ды** құрайды.



Қазақстан Республикасындағы 0 ден 18 жасқа дейінгі балалар саны

жылдың басына, адам

Жасы	Әйелдер мен ерлер		Ерлер		Әйелдер	
	2012	2013	2012	2013	2012	2013
Барлығы	16 673 077	16 909 776	8 041 345	8 158 881	8 631 732	8 750 895
оның ішінде			Ұлдар		Қыздар	
0-17	4 934 542	5 029 936	2 530 196	2 579 515	2 404 346	2 450 421
0	368 046	376 574	189 287	193 014	178 759	183 560
1	362 114	367 137	185 981	188 831	176 133	178 306
2	350 189	361 856	180 482	185 815	169 707	176 041
3	346 869	350 046	177 811	180 388	169 058	169 658
4	306 263	346 695	157 361	177 708	148 902	168 987
5	289 500	306 129	148 924	157 307	140 576	148 822
6	270 327	289 349	138 817	148 883	131 510	140 466
7	267 073	270 150	137 790	138 714	129 283	131 436
8	245 609	266 942	125 869	137 734	119 740	129 208
9	233 289	245 452	119 092	125 778	114 197	119 674
10	222 140	233 144	113 878	119 013	108 262	114 131
11	224 524	222 038	114 608	113 819	109 916	108 219
12	218 289	224 387	111 974	114 540	106 315	109 847
13	224 441	218 158	114 917	111 889	109 524	106 269
14	225 715	224 323	115 035	114 851	110 680	109 472
15	243 384	225 631	124 277	114 998	119 107	110 633
16	258 736	243 249	132 096	124 188	126 640	119 061
17	278 034	258 676	141 997	132 045	136 037	126 631

Жас-жыныс құрылымынан 0-17 жас аралығындағы ұлдардың қыздардан 129 мыңға артық екенін көреміз.

Қала халқы						
Жасы	Әйелдер мен ерлер		Ерлер		Әйелдер	
	2012	2013	2012	2013	2012	2013
Барлығы	9 127 105	9 277 529	4 273 804	4 345 863	4 853 301	4 931 666
оның ішінде	Ұлдар мен қыздар		Ұлдар		Қыздар	
0-17	2 415 789	2 489 955	1 240 392	1 278 479	1 175 397	1 211 476
0	194 751	203 765	100 215	104 393	94 536	99 372
1	189 794	194 529	97 551	100 147	92 243	94 382
2	185 902	189 840	96 074	97 545	89 828	92 295
3	171 569	186 053	88 221	96 093	83 348	89 960
4	151 476	171 767	78 093	88 327	73 383	83 440
5	141 256	151 702	72 701	78 225	68 555	73 477
6	132 178	141 538	67 888	72 839	64 290	68 699
7	128 830	132 430	66 325	68 013	62 505	64 417
8	117 862	128 945	60 525	66 385	57 337	62 560
9	110 444	117 975	56 654	60 579	53 790	57 396
10	103 231	110 671	53 357	56 791	49 874	53 880
11	105 917	103 377	54 148	53 421	51 769	49 956
12	102 952	106 019	53 060	54 180	49 892	51 839
13	105 048	103 034	53 853	53 088	51 195	49 946
14	104 970	105 207	53 400	53 903	51 570	51 304
15	114 024	105 226	58 331	53 539	55 693	51 687
16	122 276	114 475	62 183	58 511	60 093	55 964
17	133 309	123 402	67 813	62 500	65 496	60 902

Ауыл халқы						
Жасы	Әйелдер мен ерлер		Ерлер		Әйелдер	
	2012	2013	2012	2013	2012	2013
Барлығы	7 545 972	7 632 247	3 767 541	3 813 018	3 778 431	3 819 229
оның ішінде			Ұлдар		Қыздар	
0-17	2 518 753	2 539 981	1 289 804	1 301 036	1 228 949	1 238 945
0	173 295	172 809	89 072	88 621	84 223	84 188
1	172 320	172 608	88 430	88 684	83 890	83 924
2	164 287	172 016	84 408	88 270	79 879	83 746
3	175 300	163 993	89 590	84 295	85 710	79 698

4	154 787	174 928	79 268	89 381	75 519	85 547
5	148 244	154 427	76 223	79 082	72 021	75 345
6	138 149	147 811	70 929	76 044	67 220	71 767
7	138 243	137 720	71 465	70 701	66 778	67 019
8	127 747	137 997	65 344	71 349	62 403	66 648
9	122 845	127 477	62 438	65 199	60 407	62 278
10	118 909	122 473	60 521	62 222	58 388	60 251
11	118 607	118 661	60 460	60 398	58 147	58 263
12	115 337	118 368	58 914	60 360	56 423	58 008
13	119 393	115 124	61 064	58 801	58 329	56 323
14	120 745	119 116	61 635	60 948	59 110	58 168
15	129 360	120 405	65 946	61 459	63 414	58 946
16	136 460	128 774	69 913	65 677	66 547	63 097
17	144 725	135 274	74 184	69 545	70 541	65 729

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тұрғындардың ең көп саны Оңтүстік Қазақстан облысында (2,7 млн. адам), Алматы облысында (1,9 млн. адам) және Алматы қаласында (1,5 млн. адам).

Қазақстан Республикасында халықтың басым бөлігі қалалық мекендерде 55% (9,3 млн. адам), 45% (7,6 млн. адам) ауылдық мекенде тұрады. Ауылдардағы отбасылардың көп балалы болуы есебінен ауылдық елді мекендерде бала саны 50 мыңнан көп болады.

Балалардың құқықтарын заңнамалық қорғау саласындағы мемлекет саясаты

Республикада балалардың құқықтарын қорғау саласында құқықтық база жасалған.

Балаларға қатысты мемлекеттік саясатқа қойылатын негізгі талаптары бар БҰҰ аса маңызды халықаралық құқықтық құжаттары балалар туралы қазақстандық заңнамаға негіз болды.

Балалардың өмір сүруге, ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорғауға, жеке басына қол сұқпауға, тұрғын үйге, білім алуға, әлеуметтік қамтамасыз етілуге және әлеуметтік қызмет көрсетуге, денсаулықты сақтауға және медициналық көмекке, мәдени құндылықтарға қол жеткізуге және басқа неғұрлым маңызды құқықтары Қазақстан Республикасында заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етілген.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс, «Білім туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» өзгерістер мен толықтыруларымен», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» заңдар және басқалары қабылданды, олар балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

Республикада заңнамалық база жүйелі түрде ұдайы жаңартылып, жетілдіріліп тұрады.

2013 жылы жетім балалардың құқықтарын қорғау мәселелерінің жаңа тәсілдерін көздейтін және балалардың жағдайын жақсартуға әрі олардың құқықтарын қорғауға бағытталған мынадай нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Қазақстан Республикасының Заңдары:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2012 ж. 26 желтоқсан № 61-V);

«Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» (2013 жылғы 14 қаңтар № 67-V);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 14 қаңтар № 68-V);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 4 ақпан № 75-V);

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (2013 жылғы 15 сәуір № 88-V);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 15 сәуір № 89-V);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 2 шілде № 111-V);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекет кепілдік берген заң көмегін ұсыну жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 3 шілде № 123-V);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 4 шілде № 126-V);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 4 шілде № 127-V);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жаңа түрлерін енгізу және олардың қолданылу салаларын

кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 4 шілде № 131-V).

ҚР Үкіметінің қаулылары:

«Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2295 қаулысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 12 ақпан № 119);

«Білім беру қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» (2013 жылғы 28 ақпан № 195);

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 30 наурыздағы № 380 және «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 30 наурыздағы № 386 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 7 маусым № 584);

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» (2013 жылғы 16 қыркүйек № 958);

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1420 және «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 26 маусымдағы № 856 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

«Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін жалдауға (қосымша жалдауға) берудің үлгішартын бекіту туралы» (2013 жылғы 8 қараша №1172).

ҚР БҒМ-нің 60-тан астам бұйрығы қабылданды, оның ішінде:

«Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық кесімдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 18 шілдедегі № 583 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 20 (04.02.2013 жылы ҚР Әділетминінде тіркелген № 8320);

«Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту

туралы» 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 (02.07.2013 жылы ҚР Әділетминінде тіркелген № 8544);

«Оқыту мен тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасау және педагогтер мен оқушылар, сонымен қатар оқушылар арасында шиеленіс жағдайды болдырмау үшін білім беру ұйымдары басшылары мен педагог қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру туралы» 2013 жылғы 28 маусымдағы № 24.7;

«Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы» 2013 жылғы 17 қазандағы № 421 (2013 жылғы 18 қарашада ҚР Әділетминінде тіркелген № 8908).

Балаларға білім беру және оларды тәрбиелеу саласындағы мемлекет саясаты

Балалардың амандығы олардың тәрбиелеу, оқыту және дамыту үшін қажетті жағдай жасаумен тығыз байланысты.

ҚР Конституциясына сәйкес балаларға орта білім берудің жалпыға бірдей қолжетімді әрі тегін болуына кепілдік берілген.

Білім беру саласын қаржыландыру көлемі жыл сайын ұлғаюда.

2012 білім беру бюджеті **1 трлн. 311 млрд. теңгеден** асып түсіп, ЖІӨ-нің 4,2%-ын құрады. 2013 жылы **1 трлн. 376 млрд. теңге** құрайды.

Республикада ақпараттық және технологиялық тұрғыдан жарақтандырылған ашық білім беру жүйесін дамыту жалғасуда, бұл жүйе сапалы білім берудің қолжетімді болуын қамтамасыз етеді, білім алушылар мен әлеуметтің білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Білім беру мен тәрбиелеуді дамытудың негізгі басымдықтар мен қағидаттары **Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарында, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында** айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту

Мектепке дейінгі тәрбиелеуде және оқытуда 2010 – 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын іске асыру жалғасуда.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – 3-6 жастағы балаларды тәрбиелеумен және оқытумен қамту үшін жағдай жасау.

Аталған Бағдарлама шеңберінде 2014 жылға дейін балалардың 70%-ын мектепте дейінгі оқытумен қамтуға қол жеткізу жоспарланған.

Бүгінгі күні балаларды қамту **71,5%-ды** құрайды (ауыл – 64,8%, қала – 76,9).

Қостанай (100%), Қарағанды (97,8%), Павлодар (95,6%), Батыс Қазақстан (95,3%) облыстары мектепке дейінгі ұйымдармен қамтуда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Оңтүстік Қазақстан (12 бірлік), Маңғыстау (11 бірлік), Шығыс Қазақстан (7 бірлік), Қызылорда (6 бірлік), Алматы (5 бірлік) облыстары мен Астана

қаласына (18 бірлік) республикалық бюджет есебінен салынып, қолданысқа берілген балабақшалар саны көп.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамытудың арқасында балабақшалар салу проблемасы шешіле бастады.

2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылдың бірінші жартыжылдығында мектепке дейінгі ұйымдар желісі **139 бірлікке ұлғайды** (94 балабақша, 45 шағын орталық).

Желінің өсуі мыналардың есебінен қамтамасыз етілді:

- 20 балабақша салу (3,9 мың орын), оның ішінде 11 бірлік республикалық бюджет есебінен (2,8 мың орын);
- жеке меншік 60 балабақша ашу (3,5 мың орын);
- қолданысқа берудің басқа тәсілдері – 8 балабақша (1,4 мың орын);
- тұрғын үй кешендерінің 1-ші қабаттарында ашу – 6 балабақша (630 орынға);
- 45 шағын орталық ашу (1,5 мың орын).

2013 жылы мектепке дейінгі ұйымдардың саны **8729 бірлікті** құрады, оларға **655,3 мың бала**, оның ішінде жеке меншік балабақшаларға 933 бала барады.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдар санының артуы негізінен, шағын орталықтар желісінің дамуы есебінен қамтамасыз етілген (шағын орталықтар – 63%, балабақшалар – 36,9%). Мектепке дейінгі қызметтердің сапасын арттыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі үлгілік балабақшалар мен балалар күні бойы болатын, тиісінше жаракталған шағын орталықтарды дамыту есебінен шағын орталықтардың санын азайту жөнінде жұмыс жүргізіп жатыр.

Балалар күні бойы болатын шағын орталықтардың саны – 2 197, бұл олардың жалпы санының **39,8%-ын** құрайды.

Шағын орталықтардағы білім беру процесін одан әрі жетілдіру және оның сапасын арттыру үшін «Мектепке дейінгі балалық» республикалық орталығы «Балалар күні бойы болатын шағын орталықтарда балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасын» әзірледі.

Балабақшалардан орын күтіп жүрген балалар санының кезегіне жүргізілген мониторинг 2013 жылдың бірінші жартыжылдығында ғана олардың саны **51,9 мыңға** немесе 12,7 %-ға **ұлғайғанын** көрсетті.

Елдегі демографиялық және көші-қон процестері – республиканың мектепке дейінгі ұйымдарынан орын алу үшін кезектің өсуінің басты факторларының бірі.

Білім беру органдарының деректері бойынша республикада балаларын мектепке дейінгі ұйымдарға орналастыру үшін ата-аналар берген **458,6 мың** (2012 жылы – 406,6 мың) өтініш тіркелген.

Оңтүстік Қазақстан (65,2 мың), Алматы (35,3 мың), Жамбыл (32,5 мың) облыстары мен Алматы (48 мың), Астана (71,6 мың) қалаларында кезектің өте жоғары екені байқалып отыр.

Бұл өңірлерде мектепке дейінгі ұйымдардағы орындар тапшылығының жоғары болуы қамтудың республикалық көрсеткіштен төмен болуына негіз болды: Алматы (55,9%), Жамбыл (65,1%), Маңғыстау (63,9%), Оңтүстік Қазақстан (58%) облыстары және Астана (62,4%), Алматы (53,1%) қалалары.

Ата-аналарға консультативтік көмек көрсетуді қамтамасыз ету, сондай-ақ балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тарту үшін республикада үлгілік балабақшалардың жанынан ашылған **1046** консультациялық пункт жұмыс істейді.

«Мектепке дейінгі балалық» республикалық орталығы «Консультациялық пункттер жағдайында ата-аналардың сауатын ашу бағдарламасын», «Балалар ойынының тілі» білім беру курсы, «Тәрбиеші-гувернер бағдарламасын» және басқаларын әзірледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен 100% қамтуды қамтамасыз ету мақсатында «Балапан» бағдарламасын іске асыру мерзімі 2020 жылға дейін ұзартылды.

Бүгінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің мазмұнына баса назар аударылып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және шетел тілдерін оқытуды қамтитын Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарлары бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың стандарты мен оқу бағдарламалары мектепке дейінгі және мектепте бастауыш білім берудің арасындағы сабақтастық проблемаларын тиімді шешуге ықпал етеді.

Бүгінде республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында «Балбөбек», «Қайнар», «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары, 90-нан астам басылымды қамтитын әдістемелік кешендері бар «5-6 жастағы балаларды мектеп жағдайларында және 5-7 жастағы балаларды балабақша жағдайларында мектепалды даярлаудың жалпы білім беру бағдарламасы» қолданылады.

«Балапан» бағдарламасын іске асырудың аса маңызды міндеттерінің бірі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту үшін мамандар даярлау болып табылады.

Қазіргі уақытта кәсіптік және техникалық білім беретін (КЖТБ) 31 оқу орнында «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы бойынша кадрлар даярлау жүзеге асырылады.

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдар үшін мамандар даярлауды 32 жоғары оқу орны жүзеге асырады.

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы бойынша кәсіптік және техникалық білім беретін оқу орындарына оқуға қабылдаудың ұлғайғаны байқалып отыр.

Осы мамандық бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының жыл сайынғы көлемі 240 грантты құрайды.

Бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарда 60 мыңнан астам педагог жұмыс істейді.

«Өрлеу» БЖҰО деректері бойынша 2014 – 2020 жылдар аралығында 56 795 педагог біліктілікті жоғарылатудың қысқа мерзімді курстарымен қамтылатын болады.

Орта білім беру

2013/2014 оқу жылында республикада **7644** мектеп жұмыс істейді (2012 жылы - **7698**). Қысқарту шағын жинақты мектептерді оңтайландыруға байланысты.

68 мектеп (2013 жылғы 1 қыркүйек) пайдалануға берілді (27 - РБ, 41-ЖБ есебінен).

Барлығы 2013 жылы мектептерде **2,5 млн.** бала білім алуда.

Білім беру жүйесінің маңызды сипаттамасы оның мекеме түрлеріне қарай саралануы болып табылады, мұның өзі білім алушылардың әртүрлі білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Орта білім беру жүйесінде білім беру мазмұнының сапасын жақсарту жөнінде бірқатар шаралар қабылданды.

2013-2014 оқу жылынан бастап республика мектептерінде Білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік жаңа стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) (бұдан әрі – БЖМС) енгізілді. Жаңа БЖМС сәйкес барлық мектептерде ағылшын тілін 1-сыныптан, «Информатика» пәнін 5-сыныптан бастап оқыту енгізілді, бұдан басқа, жоғары сыныптардың оқушылары үшін «Адам. Қоғам. Құқық» интеграцияланған пәні енгізілді.

Оқушылардың функционалдың сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары іске асырылуда.

Орта мектептерге арналған оқу бағдарламаларының бәрі оқушылардың функционалдың сауаттылығын дамыту ескеріле отырып жаңартылды.

Орта білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету және сапасын жақсарту үшін республиканың білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Республиканың жалпы білім беретін мектептерінде республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен жаңа үлгідегі пән кабинеттері жасақталуда.

2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша **569** мектеп химия кабинеттері жабдықталған.

Оқытудың жаңа нысандары мен технологиялары - балалардың интерактивті парктері (ғылым қалашықтары), технопарктер, балалар ғылыми мұражайлары енгізілген.

2013 жылы Астана қаласының Оқушылар сарайында балалар мен жасөспірімдерге арналған Ұлттық интерактивті парк ашылды.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің желісін дамыту жалғасуда, олардың саны бүгінде – 15 (2012 жылы – 7), оларда 9675 оқушы білім алуда. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін республиканың жалпы білім беретін мектептеріне енгізу басталды.

Бұдан басқа, «Нұрорда», «Мирас», «Хэйлибэри Астана» халықаралық мектептері қызмет етеді, олар халықаралық стандарттар мен бағдарламаларға сәйкес арнайы бағдарламалар бойынша жұмыс істейді.

Көптілді білім беруді енгізу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп келеді.

Көптілді білім беру енгізілген мектептердің саны 2013 жылы 33 мектептен 90 мектепке дейін жетті.

Бүгінгі күні **4033** мектепте (2012 жылы - 3898)қазақ, орыс және шетел тілдерін оқыту үшін мультимедиялық лингафон кабинеттері бар.

Білім берудің сапасын арттыру мақсатында жыл сайын Оқудағы жетістіктерін сырттан бағалау (ОЖСБ) және Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) жүргізіледі.

Оқудағы жетістіктерін сырттан бағалау 2013 жылғы 9 – 25 сәуір аралығында төрт пән (қазақ тілі – міндетті, алгебра, физика және шет тілі) бойынша республиканың **430** мектебінде өткізілді.

Тестілеуге мектептердің **24 601** оқушысы қатысты.

2013 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеу ҰБТ өткізілетін **155** пунктте өткізілді.

ҰБТ-ға **95** мың абитуриент немесе өтініш бергендердің 96%-ы қатысты (2012 жылы 117 мың). Демографиялық себептер бойынша 2013 жылы мектеп бітірген түлектер 14 мыңға аз болды.

Тестілік тапсырмалардың сапасы едәуір жақсарды.

Республика бойынша ҰБТ орташа балы – 74,5 болды, бұл былтырғы жылғыға қарағанда 3,5 балға жоғары.

50 балдық шекті деңгейді еңсере алмағандардың саны 14 мың адамға азайды. Сонымен қатар, 100-ден жоғары балл жинаған түлектердің саны бір мыңға ұлғайды (2013 ж. – 10787, 2012 ж.– 10127).

7 түлек ең жоғары 125 балл жинады (2012 жылы – 3).

Мұндай оң серпін, ең алдымен, білім беру сапасына қойылатын талаптардың күшейтілуіне байланысты.

Кәсіптік және техникалық білім беру (КжТБ)


Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің алдына стратегиялық мақсат – қоғамның сұранысына және экономиканы индустриялық-инновациялық дамытуға, әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануға сәйкес КжТБ жүйесін жаңғырту мақсаты қойылған.

Осыған сәйкес КжТБ құрылымы мен мазмұнын жаңғырту жөніндегі жұмыс жалғасуда.



2011 жылы «Кәсіпқор» холдингі» ҰАҚ құрылуы КЖТБ дамытудың маңызды аспектілерінің бірі болды. КЖТБ жүйесіне корпоративтік басқару тетіктері мен инновациялық технологияларды енгізумен қатар холдингке әлемдік деңгейдегі колледждер желісін құру арқылы жаңа инфрақұрылымды қалыптастыру жүктелген.

ТЖКБ жүйесінің жағдайы



Қазақстан Республикасында **849** колледж бар, оның ішінде мемлекеттік – **472**, жеке меншік – **377**. Кадр даярлау **181** мамандық бойынша жүргізіледі. Білім алушылардың саны – **561,9 мың адам**, оның ішінде күндізгі бөлімде – **457,6** мың адам.



Оқу орындарының МТБ нығайтуға бөлінген қаржы 2010 жылдан бастап 4 есеге ұлғайған

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша кадрлар даярлауда оқытудың дуальды жүйесінің қағидаттарын енгізу жөнінде шаралар қабылданды.

2012 жылдан бері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ 9 компаниясы КжТБ 29 оқу мекемесімен оқытудың дуальды нысаны бойынша келісімдерге қол қойды. 2013 жылдан бастап ауыл шаруашылығы, көлік, энергетика, металлургия және машина жасау, мұнай-газ өндірісі және т.б. сияқты салаларда КжТБ 174 ұйымында 50 мамандық бойынша кадрлар даярлаудың аталған нысанын жүйелі түрде енгізу жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта техникалық және кәсіптік білім беру (КжТБ) жүйесінде **849** (2012 ж. – 854) оқу орны, оның ішінде **472** (2012 ж. – 476) мемлекеттік (56,2%), 377 (2012 ж. – 378) жеке меншік (43,8%) оқу орын жұмыс істейді, оларда **561,9** (2012 ж. – 553,3) мың адам білім алуда, 280 мыңнан астамы қыздар мен әйелдер.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес барлық адамдардың сапалы білім алу құқығының теңдігі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаты болып табылады.

2013-2014 оқу жылында КжТБ оқу орындарына **151 499** (2012 ж. – 152 294) мың адам қабылданды. Мемлекеттік білім беру тапсырысы (мемлекеттік тапсырыс) бойынша – **88 804** (2012 ж. – 86 172) мың адам, ақылы негізде – **62 695** (2012 ж. – 66 122* мың адам).

Жастардың техникалық және технологиялық кәсіптер бойынша техникалық және кәсіптік білім алуға қолжетімділігін арттыру үшін 2013-2014 оқу жылында республикалық бюджет есебінен КжТБ-да кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемі **10%-ға немесе 9 353 бірлікке** ұлғайды.

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқып жатқандар заңнамалық негізде «студенттерге» жатқызылып, кәсіптік лицейлер колледждерге ауыстырылды.

Студенттер 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап стипендия (12 188 теңге) және жол жүру үшін өтемақы (4 АЕК) алады.


Студенттерді стипендиямен қамтамасыз етуге облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2013 жылға республикалық бюджеттен **8 671,5 млн. теңге** сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделген. Бұдан басқа, студенттердің бәріне жеңілдікпен жол жүруге өтемақы төлеу түрінде қолдау көрсетілді, бұл мақсаттарға республикалық бюджеттен – 583, 6 млн. теңге бөлінді.

01.02.2013 жылғы жағдай бойынша 59 430 адам немесе студенттердің жалпы контингентінің (99 095 адам) **60%-ы** ыстық тамақпен қамтамасыз етілді, оның ішінде:

- **жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар**, олардың тамақтануға жұмсалатын шығыстары толық қамтамасыз етіледі (100 % мөлшерінде) – 4 550 адам;

- көп балалы, табысы аз отбасылардың және қамқоршылықтағы балалар, олардың тамақтануға жұмсалатын шығыстары ішінара өтеледі (40% мөлшерінде) – 54 880 адам.

Қосымша білім беру



Өсіп келе жатқан жеткіншектердің жан-жақты дамуы мен өзін-өзі танытуы, кәсіпте және өмірде өзін-өзі айқындауы үшін оның бойында құндылықтар мен құзыреттер қалыптастыру қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының білім басқармаларының деректері бойынша 2013 жылы қосымша білім беру ұйымдарының желісі **641** (2011 ж. – 621, 20 ұйымға ұлғайған) болды, оның ішінде:

- мемлекеттік – 608;
- жеке меншік – 33;
- ауылда – 230.

Қосымша білім берумен қамтылған 6 – 18 жас аралығындағы балалардың саны 563 833 адам болды, оның ішінде:

- мемлекеттік – 559 319;
- жеке меншік – 4 514;
- ауылдағы 169 151.

Балалардың қосымша білім беруге қатысу деңгейі Батыс Қазақстан облысындағы 83,3%-дан Оңтүстік Қазақстан облысындағы 7%-ға дейінгі аралықта құбылады.

Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында балалардың қосымша білім берумен 30-дан 50%-ға дейін қамту көзделген.

Мазмұны жағынан балаларға қосымша білім беру әртүрлі бағыттарды білдіріп, әртүрлі салаларды қамтиды.

Қосымша білім беру жүйесі әлемдік мәдениет пен шығармашылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Балалардың шығармашылық жетістіктерін анықтау және тарату мақсатында конкурстар, фестивальдер, көрмелер өткізіледі.

Республиканың қосымша білім беру ұйымдарында 16,6 мыңнан астам педагог қызметкер жұмыс істейді, олардың 5,6 мыңы ауылдық жерлерде жұмыс істейді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту жөніндегі шаралар көзделген.

Аталған ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жаңартылып, оқытудың жаңа технологиялары енгізіледі.

Мұның бәрі жеке тұлғаның кәсіпте өзін-өзі тануы мен оқушылардың бойында шығармашылық және инновациялық қызметке деген қажеттілікті қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Балалар мен жастарды тәрбиелеу

Қазақстанның білім беру жүйесінде балаларды тәрбиелеу мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Білім беру ұйымдарының бәрінде де **Оқыту процесінің тәрбиелік құрамдауышын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспар** іске асырылады, өңірлік жоспарлар әзірленген.

Жалпы орта білім беру жүйесінде тәрбие жұмысымен **7,2 мың** директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, **7,8 мың** психолог, **3,6 мың** әлеуметтік педагог, **4,5 мың** аға тәлімгер, полицияның **1,7 мың** мектеп инспекторы айналысады. Барлығы 25 мыңнан астам педагог.

Олардың бәрі **1 млн. 400 мың оқушының** (оқушылардың 60%-ы) сабақтан тыс уақытта іспен айналысуын қамтамасыз етеді. Бұл мамандар балаларға және балалы отбасыларға педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді.

Балаларды қоғамға ойдағыдай әлеуметтендіру, көбінесе, балалардың азаматтық позициясының қалыптасу деңгейіне, балаларды рухани-адамгершілік, патриоттық рухта тәрбиелеуге байланысты болады.

Оқыту процесінде әрбір мұғалім өзінің қандай пәннен сабақ беретініне қарамастан, оқушының жеке тұлғасының рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ерекше назар аударады.

Жеке тұлғаның қалыптасуында «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың рөлі маңызды.

2010-2011 оқу жылынан бастап «Өзін-өзі тану» пәні білім берудің барлық деңгейлерінде (балабақшалар, мектептер, ЖОО-лар) оқу жоспарларының құрамына кірді, ол қазіргі заманғы қоғамда жалпы адамзаттық құндылықтарды

қалпына келтіру проблемасын шешуге бағытталған және адамның адамгершілік-рухани дамуының негізіне айналмақ.

Балаларға арналған музыкалық және театрлық іс-шараларды өткізу балаларды адамгершілік-рухани дамытудағы аса маңызды бағыт болып табылады. Республикада 7 қуыршақ театры мен балалар мен жасөспірімдерге арналған 6 театр жұмыс істейді. 2012 жылы балаларға 200-ден астам, 2013 жылдың 1-ші жартыжылдығында – 100-ден астам спектакль көрсетілді.

Балалар кітапханаларының желісі жұмыс істейді, «Білім» телеарнасы жұмыс істейді, оның қызмет бағыттарының бірі мектеп оқушыларын рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу және сауаттарын ашу болып табылады.

Әскери-патриоттық клубтар қазақстандық патриоттықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі уақытта мектептердің базасында мектеп жасындағы 49 мыңнан астам бала баратын 1 736 әскери-патриоттық клуб, тереңдетілген әскери және физикалық даярлық өткізілетін, 500-ден астам оқушыны қамтитын облыстық 3 кадеттік мектеп-интернаты, сондай-ақ 1 228 оқушысы бар 48 кадет сыныптары жұмыс істейді.

Әскери-патриоттық клубтардың республикалық слёттерін, «Ұлан», «Алау» әскери-спорттық ойындарын, «Мамыр жұлдыздары» солдат әндерінің конкурстарын, Батылдық сабақтарын, «Іздеу» операцияларын, Әскери даңқ күндерін, әскери бөлімдер мен жоғары әскери училищелерінде ашық есік күндерін, «Отанының лайықты ұлдары» кештерін, «Патриот», «Қамқорлық» республикалық әскери-патриоттық акцияларын өткізу дәстүрге айналды.

12 жылдық білім беруге көшу шеңберінде әскери-патриоттық клубтардың қауымдастықтары мен бірлестіктер құрылады, іздестіру-өлкетану жұмысы мен мұражай жұмысы жандандырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы мақұлданды.

Балалар мен жастардың барлық санаттарын қамту және кәсіподақтар, бизнес, азаматтық қоғам қатысатын ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жаңа моделі жаңа Тұжырымдаманың ерекшелігі болып табылады.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданды (2013 жылғы 18 маусымдағы № 603 ҚРҰҚ).

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» жаңа заң жобасы әзірленіп жатыр.

Мемлекеттік жастар саясатын қаржылай қамтамасыз ету жыл сайын ұлғайып келеді.

Қаржыландыру көлемі	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл
Республикалық деңгейде қаржыландырудың жалпы көлемі (млн. тг.)	991,2	1 159,3	1 508,9
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі қаржыландыру көлемі (млн. тг.)	554,0	716,3	590,0

Балалар мен оқушы жастар арасындағы патриоттық тәрбие желісі тәрбиелеу мен оқыту процесінде балалар мен жастардың қоғамдық қозғалыстары мен ұйымдарын, шығармашылық одақтар құруды көздейді. Бұдан басқа, қоғамдық жастар ұйымдары балалардың бос уақыттарын өткізу проблемаларын шешуде айтарлықтай әсерін тигізеді.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарын дамыту жөніндегі 2013 – 2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда **1073** жастар бірлестіктері жұмыс істейді (2012 жылы – 1086). Олардың ең көбі Шығыс Қазақстан (124), Қостанай (102), Батыс Қазақстан облыстарында (86), ең азы – Атырау (27) және Ақтөбе (29) облыстарында.



«Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар-жасөспірімдер ұйымдары еліміздің орта оқу орындарының бәрінде ақпараттық-насихат жұмыстарын ұдайы жүргізеді.

Айталық, 2013 жылғы 10 – 24 шілде аралығында «Балдаурен» РОБО базасында «Елім менің, тағдырым сенімен мәңгілік бірге!» тақырыбына «Жас Ұлан» жас көшбасшыларын ауыстыру өтті, 25 – 27 шілдеде «Ұланымыз Ұлы елдің» көшбасшыларының II Республикалық форумы, «Есірткісіз болашақ» семинары-тренингтері өткізілді.

Бүгінде «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» қатарында 1 млн. астам оқушы бар.

Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен мүгедек балалардың білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз ету

Инклюзивті білім беруді дамыту арқылы жасына, денсаулығының жағдайына қарамастан, барлық балалардың сапалы білім алуға қол жеткізуі мемлекеттік білім беру саясатының басым міндеттерінің бірі болып табылады.

2013 жылы республикада даму мүмкіндігі шектелген **148 652 бала** анықталды.

Республикада даму мүмкіндігі шектелген балаларды оқытуға арналған арнайы білім беру ұйымдарының сараланған желісі бар.

17 оңалту орталықтары, **558** – логопедтік пункттер, **57** – ПМПК жұмыс істейді.

39 арнайы балабақша мен **315** арнайы топта мектепке дейінгі жастағы даму мүмкіндігі шектелген **15 мыңнан астам бала** тәрбиеленіп, білім алуда (2012 жылы – 4 945 бала).

106 арнайы (түзету) мектептерінде және жалпы білім беру мектептерінің жанындағы **1219** арнайы сыныпта мектеп жасындағы **25 мың бала** негізгі сегіз түр мен үлгі бойынша білім алуда.

Қазақстан Республикасында **65 844 мүгедек** бала тіркелген, олардың ішінде үйде оқытылатыны – 8 796 (2011 ж. – 8527 адам).

Есту қабілетінде, тірек-қимыл аппаратында кемшілік бар, сөйлеу қабілетінде ауыр кемшілігі бар және психикалық дамуы кешеуілдеген балаларды оқыту жалпы білім беру мектептеріне арналған оқулықтар бойынша жүзеге асырылады. Нашар көретін оқушылар ірі қаріппен басылған оқулықтар бойынша, зағип оқушылар Брайль қарпінің көмегімен жазылған оқулықтар бойынша оқиды.

Балалардың осы санаттарын үйде оқыту үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» шеңберінде 2011 – 2013 жылдарға **4 млрд. тг** сомасында қаржылай қаражат көздеген. Айталық, 2011 жылы жеке ерекшеліктері, мүмкіндіктері, қажеттіліктері ескеріле отырып, интернетке қосылған компьютер техникасымен және бағдарламалық қамтумен қамтамасыз етілген мүгедек балалардың саны 2725 болды, 2012 жылы – 2637, 2013 жылы – **973**.

Тірек-қимыл аппаратында кемшілігі бар балалар үшін қозғалудың жеке құралдарымен бірге бүгінгі күні арнайы клавиатуралар мен манипуляторлар, нашар еститін балалар үшін – жеке құлақ аппараттары, микрофоны бар дыбыс зорайтқыш жүйе, тифлотехникалық құралдар сатып алынады.

Бүгінде арнайы мектептерді қоса алғанда, білім беру ұйымдарының 43%-ы мүмкіндігі шектелген балалардың танымдық тұрғыдан дауын ынталандыратын мультимедиялық білім беру жүйелерімен (Eduplay, Multikid, Sound beam), қамтамасыз етілген. Арнайы мектептердің 20%-ында интерактивті тақталар орнатылған.

Көзі нашар көретін балалар үшін 46 компьютерлік тифлокешен сатып алынды.

Арнайы мектептердің 95%-ға жуығы Интернетке қосылған. Арнайы білім беру ұйымдарының 41%-ы логопедтік тренажерлармен, 37%-ы - есту-сөйлеу тренажерларымен жарақталған.

КжТБ жүйесінде **1650 мүгедек бала** білім алуда.

Мүгедек балалардың қатарынан білім алушылардың негізгі санатын бала кезінен мүгедек, нашар еститін және нашар көретін балалар құрайды.

1 және 2 топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедек балалар, мүгедек балалар үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына түскен кезде **0,5%** қабылдау квотасы белгіленген. Білім алушылар қатарына қабылдау кезінде көрсеткіштері бірдей болса, мүгедек балалардың, жетім балалардың мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар құрамында қабылдау үшін басым құқығы болады.

КжТБ жүйесінде кәсіп алу үшін адамдардың аталған санаттарына бірдей мүмкіндік беру мақсатында инклюзивті оқыту насына енгізілуде, интеграцияланған оқыту жүргізіледі, жеке сабақтар өткізіледі.

Қазіргі уақытта КжТБ оқу орындарында мүмкіндігі шектелген балалар үшін кадрлар даярлау күрделі емес кәсіптер бойынша жүргізіледі: «құрылыстағы әрлеу жұмыстарының шебері», «сылақшы – маляр», «ұста», «емдеу ісі», «слесарь – ауыл шаруашылығы техникасын жөндеуші», «автомеханик», «аспаз», «тігін өндірісі және киімді модельдеу», «аяқ киім жөндеу шебері», «есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», «тамақтандыруды ұйымдастыру», «аударма ісі», «іс жүргізу және мұрағаттану», «қаржы», «құқықтану», «ақпараттық жүйелер» және т.б.

Мүгедектер қатарындағы азаматтарға қолдау көрсету мақсатында **ЖОО-ларға** қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы № 296 қаулысына сәйкес **1 %** мөлшеріндегі квота белгіленген. Бұрын бұл **0,5 %** болатын.

2012-2013 оқы жылында білім беру гранттары 273 мүгедекке тағайындалды, оның ішінде белгіленген квота шеңберіндегісі – 204.

Жалпы, соңғы 3 жыл ішінде 713 мүгедекке грант тағайындалған.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына сәйкес көру қабілеті бойынша мүгедектер мен есту қабілеті бойынша мүгедектер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балалар жоғарылатылған (+ 75 %) мемлекеттік стипендия алуға құқылы.

Мүгедектер оқитын жоғары оқу орындарында олардың еркін жүріп-тұруы үшін жағдайлар жасалуда (пандустар), оқытудың арнайы құралдары пайдаланылуда.

Балалардың жағдайы туралы 2012 жылғы баяндаманы қарау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі берген тапсырмаға сәйкес инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Көшіп-қонушылар, оралмандар, аз ұлттар балаларының білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету

Республикада Қазақстан Республикасында ұдайы тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығы қамтамасыз етіледі.

Шетелдік азаматтардың балаларын оқуға қабылдау
«Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 468 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру органдарының есептік деректеріне сәйкес республиканың жалпы білім беретін ұйымдарында басқа елдерден келген **20 655** бала білім алуда (2012 ж. – 14 374 бала).

Көшіп-қонушылар балаларының көпшілігі Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Жамбыл облыстары мен Алматы қаласындағы мектептерде оқиды.

Бұдан басқа, республиканың жалпы білім беру ұйымдарында оралмандардың **11 546** баласы (2012 ж. – 14 950) оқиды. Оның ішінде: бастауыш мектепте – 4 734, негізгі мектепте – 5 306, жалпы білім беретін мектептің жоғары буынында – 1503 оқиды, 3-еуі – бала кезінің мүгедек.

Алматы – 3 218, Шығыс Қазақстан – 1 809, Жамбыл – 1 689, Оңтүстік Қазақстан – 1 527, Ақтөбе облыстарында – 1 078 оралмандардың оқитын балаларының саны көп.

Облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының деректеріне сүйенсек, 3 мүгедек баладан басқа барлық бала (11543 бала) оқумен қамтылған.

Республикада аз ұлттар үшін ана тілін үйренуге жағдай жасалған. Республиканың білім беру ұйымдарында негізгі ережелердің бірі орындалады: аз ұлттардың ана тілін үйренудегі құқықтарын іске асыру.

Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша 2013/2014 оқу жылында республикада мынадай мектептер жұмыс істейді:

өзбек тілінде оқытатын **57** (2012 жылы – 60);

ұйғыр тілінде оқытатын **14** (2012 жылы – 14);

тәжік тілінде оқытатын **2** (2012 жылы – 2).

Өзбек тілінде 78 325 оқушы білім алады (2012 жылы – 77 082).

Ұйғыр тілінде – 14 396 (2012 жылы – 14 364).

Тәжік тілінде – 4 834 (2012 жылы – 3 893).

Аралас мектептердің саны мынадай: өзбек тілінде оқытатын сыныптары бар – 91 (2012 жылы – 79), ұйғыр тілінде оқытатын – 48 (2012 жылы – 49), тәжік тілінде – 9 (2012 жылы – 10).

Балалардың демалысы мен оларды сауықтыруды ұйымдастыру

2013 жылдың жаз кезеңінде **1 млн. 703 мың бала** немесе 1-10 сыныптарда оқитын оқушылардың жалпы санының **75,3%-ы** сауықтырумен қамтылды (2012 ж. – 58%).



Жалпы 2013 ж. **8986** сауықтыру лагері мен алаңқайлары жұмыс істеді, бұл өткен жылмен салыстырғанда **572-ге артық** (2012 жылы – 8414).

Балалар үшін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының жанынан бейінді лагерьлер ашылды. 220 лагерьдің ішінде 82-сі жекешелік-мемлекеттік әріптестік шеңберінде қала сыртындағы жеке меншік сауықтыру лагері ретінде жұмыс істеді.

Халықтың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған топтарының балаларын сауықтыруға жыл сайын ерекше көңіл бөлініп отырады, қамту 602206-ны құрады **және** балалардың **68,9%-ы** (2012 жылы – 344 575 немесе 60 %).

Өңірлердің деректеріне сәйкес ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен жетім балалардың демалысына барлығы **884,5 млн. теңге** (2012 жылы – 792 млн.) және табысы аз отбасылардың балаларына – **1,4 млрд. теңге** (2012 ж.- 1 млрд. 300 млн.) бөлінді.

Әртүрлі іспен айналысуға тарту 1 млн. 789 мың оқушыны немесе 79%-ды құрады.

Спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды: 388556 оқушы немесе **17,2%** үшін 5716 туристік саяхат пен экскурсия, 2539 сапар және 500 көшпелі спорттық жиын (2012 жылы – 14,8%, 337 мың бала).

Жоғары сынып оқушылары үшін еңбек маусымдарының саны ұлғайтылды. 3512-ге жуық мектеп бригадалары, 440 еңбек және демалыс лагерьлері мен экологиялық жасақтар жұмыс істеді, көгалдандыру жөніндегі бригадалардың 15166 маусымы, 834 мектептегі орманшылық және т.б. ұйымдастырылды. Еңбекпен айналысуға тарту 731946 жеткіншекті немесе **32,4%-ды** (2012 жылы – 24,8%) құрады.

Сондай-ақ, жаздық халықаралық іс-шараларға қатысушылардың саны да артты. Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде (халықаралық зияткерлік, шығармашылық, спорттық конкурстар, олимпиадалар, сондай-ақ халықаралық

лагерьлер мен тіл мектептері) 2013 жылы дарынды балалардың 87067-сі немесе **3,8%-ы** қамтылды, 2012 жылы – республика балаларының 11300 оқушысы немесе 0,5 %-ы.

Балалардың жекелеген санаттарына ерекше назар аударылды. «Тәуекел» тобындағы жасөспірімдердің, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлімшелерде есепте тұрған және мектеп ішіндегі есепте тұрған жасөспірімдердің жазда іспен қамтылуы мейлінше жоғары болды – **91,1%**.

Дарынды балалар екінші жыл қатарынан тегін демалуда, оларға жергілікті бюджеттен **326 млн. теңге** бөлінді, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 236 млн. артық.

Жекелеген санаттағы балаларды жазғы демалыспен қамту мониторингі жүргізіледі: тубвиражды балалар – 16024 бала немесе 57,8% (2012 жылы – 55,7%); чернобыльшылар отбасыларының және интернационалист жауынгерлердің балалары – 3199 немесе 73,1% (76,6%); оралман отбасыларының балалары – 30100 немесе 79,2% (76,7%). Бұл есеп көрсетілген санаттардағы балалардың жазғы демалысын сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Жергілікті атқарушы органдардың жазғы демалыс объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмысы жандандырылды. Айталық, жазғы демалыс объектілерін жалпы сомасы 1 млрд. 2 млн. теңгеге күрделі жөндеу республиканың **9** өңірінде жүргізілді: Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары.

Жазғы демалыс объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға жергілікті бюджеттен 1 млрд. 150 млн. теңге бөлінді.

Жазғы демалысты ұйымдастыруды жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру ұлғайтылды. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған санаттағы балалардың жазғы демалысына және МТБ нығайтуға 2013 жылы жергілікті бюджеттен 6,8 млрд. теңге бөлінді, мұның өзі өткен жылмен салыстырғанда 3 млрд. теңгеге артық.

2013 жылы ата-аналардың қаражаты есебінен 3,8 млрд. теңге сомасына демалыс пен сауықтыру ұйымдастырылды, бұл 2012 жылға қарағанда (1,7 млрд. теңге), 2,1 млрд. теңгеге артық.

Дене шынықтыру мен спортты дамыту

Республикада бұқаралық спортты, оның ішінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар арасында дамыту жөнінде мақсатты жұмыс жүргізілуде.

Орта білім беру ұйымдарындағы спорт секцияларымен қамтылған оқушылардың үлесі білім алушылардың жалпы санының 27,7% немесе 687,4 адамды құрады.

Әлемдік тәжірибеде спорт секцияларымен оқушылардың **80%-дан астамы** қамтылған. Қазақстан Республикасында бұл көрсеткіш ұдайы 1-2%-ға өсіп тұрады.

Мектептерде дене шынықтыру сабақтарын **25622** педагог жүргізеді (2012 жылы - 20 961), оның ішінде олардың 24074-нде арнайы білім бар, яғни, 94% педагогтар (2012 жылы - 20 203, яғни 97%).

«Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынамалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы № 774 қаулысына сәйкес республикада дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы республика тұрғындарын сауықтыру, халықтың барық топтары мен әлеуметтік санаттарын спортпен айналысуға, салауатты өмір салтына бейімдеу негіздері ретінде Президенттік сынамаларды енгізу жөніндегі жұмыс жалғасуда.

2013 жылғы 20 сәуір – 20 мамыр аралығында республикада «Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынамалары» нормативтерін қабылдау бойынша республикалық айлық өткізілді. Ережеге сәйкес норматив тапсыруға 5, 9, 11 сыныптардың оқушылары, 18 – 23 жас және 24 жастан жоғары топтар бойынша тұрғындар қатысты.

Ағымдағы жылы республикада Президенттік сынамаларды тапсыруға 2 576 769 адам қатысты, бұл 2012 жылға қарағанда, 195 272 адамға немесе 7,6 %-ға көп. Олардың ішінен Президенттік деңгейге тапсырғаны 63 463 адам, бұл 2012 жылға қарағанда 4 296 адамға немесе 7 %-ға аз.

Ұлттық әзірлік деңгейіне нормативтерді 112 352 адам тапсырды, бұл 2012 жылға қарағанда 6 136 адамға немесе 6 %-ға артық. 1,5 миляға (2400 м) жүгіруден нормативтерді «өте жақсы» деген бағамен – 77 467, «жақсы» - 163 734, «орташадан жоғары» - 241 066, «орташа» - 323 577 адам тапсырды.

2012 жылмен салыстырғанда ұлттық әзірлік деңгейіне норматив тапсырғандардың көрсеткіштері 5,5 %-ға жоғарылады, ал сандық мәнде 6136 адамға ұлғайды. Ұлттық әзірлік деңгейіндегі нормативтерді ауылда тапсырушылардың деңгейі барлық жастағы топтар бойынша орта есеппен алғанда төмендеу үрдісінде.

Қазіргі уақытта Президенттік сынамаларды танымал ету мақсатында Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі нормативтерге және оларды тапсыру тәртібіне өзгерістер енгізуде. Келесі оқу жылының соңына дейін ұсынылатын нормативтерді мектептерде сынақтан өткізіп, оларды оқушылардың тапсыру нәтижелері бойынша бекіту жоспарланып отыр.

Республикада бұқаралық спортты тиімді дамыту үшін спорт залдарының, спорттық мұкамал мен жабдықтардың саны жетіспейді.

2013 жылғы 16 қазандағы жағдай бойынша **1975 мектепте** (26,7%) спорт залдары жоқ.

Бұл жағдай дене тәрбиесі бойынша міндетті сабақтарды өткізуді толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Қалалар мен ауылдарда балалардың тұрғылықты жеріндегі бос уақытын ұйымдастыру бәсең дамуда. Қазіргі уақытта елімізде **477** аула клубтары жұмыс істейді, олардың балаларды қамтуы **64,8 мың** оқушыны қамтыды.

Клубтардың бірігуіне және персоналдың штат санының қысқаруына байланысты олардың саны жыл сайын азайып келе жатқанын атап өту қажет.

Аула клубтарының материалдық-техникалық базасы заманауи талаптарға сай келмейді, олар негізінен тұрған ғимараттардың жертөле қабаттарында және төменгі бөліктерінде орналасқан. Бұл жағдайларда балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік жоқтың қасы.

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі жергілікті атқарушы органдар мен ҚР БҒМ-ге «Қазақстан Республикасында бұқаралық спорттық дамыту туралы» және **«Балалар-жасөспірімдер клубтарын (БЖК) құру туралы»** хат жіберді.

Жоғарыда көрсетілгендермен қатар, әртүрлі деңгейдегі спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру балалар спортын дамытудың маңызды факторы болып табылады. Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша жыл сайын облыстық деңгейде оқушылардың жазғы және қысқы Спартакиадалары, спорттың әр түрінен турнирлер мен жарыстар өткізіліп тұрады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде Агенттік «Кока-Кола Алматы Боттлерс» компаниясымен бірге «Папа, Мама, Я - спортивная семья» атты отбасылық жарыстар өткізу жөніндегі жобаны іске асыруда.

Бұдан басқа, **«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына жиырма қадам»** атты мақаласында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды орындау үшін оқушылар арасында спорт ойындарынан мектеп лигалары нысанындағы жарыстарды ұйымдастыру жөніндегі пилоттық жоба іске асырылуда, оған 8 өңірден 354 949 адам қатысты.

2013 жылы депутаттар тобының бастамасымен **«Жас Барыс»** мектеп спартакиадасының жобасы бастау алды. Барсиадаға 32 спорт түрінен 6 – 10 сыныптардың оқушылары қатысады.

Даму мүмкіндігі шектелген балалар ерекше назар аударуды талап етеді.

Бүгінде денсаулық жағдайына байланысты медициналық немесе «Денсаулық топтары» деп аталатын топтарға денсаулығы әлсіреген оқушылардың 20 мыңнан астамы ғана барады.

Сонымен бірге, бұл топтардағы сабақтарды арнайы білім бар мұғалімдер жүргізуге тиіс, қазіргі уақытта ондай мұғалімдерді Қазақстанның бірде бір ЖОО-сы даярламайды.

Еліміздің спорттық резервін дамытуда балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің (бұдан әрі – БЖСМ) алатын орны ерекше, ол жоғары санаттағы спортшыларды даярлау жүйесіндегі алғашқы баспалдақ болып табылады. БЖСМ

мақсаттары мен міндеттері спорттық резервті даярлау, жас атлеттердің спорттық шеберлігін шыңдау ғана емес, сонымен бірге бұқаралық спортты дамыту.

Республикада **418** БЖСМ жұмыс істейді, оларда 265 мыңнан астам бабалар мен жас жеткіншектер спортпен айналысады. БЖСМ желісі ұлғайтылмайды және республикада спорт базалары жеткіліксіз.

Балалар-жасөспірімдер спортының әлсіз дамуына, өткізілетін іс-шаралардың материалдық-техникалық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз етілуінің жеткіліксіз болуына байланысты бүгінгі күні дене шынықтыру және бұқаралық спорт саласы жеткілікті деңгейде дамымай отыр.

2013 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында мектеп спортын дамыту туралы мәселе қаралып, мынадай тапсырмалар берілді (2013 жылғы 9 шілдедегі № 27 хаттама):

- 2013 жылдың соңына дейін салауатты өмір салты бағдарламасы бойынша сыныптан тыс жұмыс жүргізгені үшін үстемеақы алатын дене тәрбиесі педагог-қызметкерлерін қамтуды 100 % дейін ұлғайту;

- үлгілік жобалар бойынша (оның ішінде МЖӘ шеңберінде) дене шынықтыру-сауықтыру объектілерін салу, аула клубтарын ашу жолымен бұқаралық спортты дамыту;

- 2014-2015 жылдар ішінде жалпы білім беретін мектептерді спорт залдарымен және мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықпен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес спорт мүкәммалымен біртіндеп қамтамасыз ету;

- балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің желісін кеңейту;

- дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу үшін тұрғын үй кешендері мен оқу орындарына жақын маңайдан инфрақұрылымы дамыған жер учаскелерін бөлу.

Бұдан басқа, жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабақтарын кемінде 3 сағат өткізуді қамтамасыз ету, оқу орындарында денсаулығы әлсіз оқушылар мен студенттер үшін арнайы медициналық топтар мен емдік дене шынықтыру топтарын ашу тапсырылды.

Балалардың тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасында балалардың тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімшелері оқу орындарында ұдайы профилактикалық жұмыс жүргізіп отырады. Құтқару қызметтері әкімдіктермен, ішкі істер департаменттерімен, білім, балалардың құқықтары қорғау, денсаулық сақтау басқармаларымен, БАҚ-пен, өңіраралық көліктік бақылау инспекциясымен және балық шаруашылығы басқармасымен өзара іс-қимыл жасайды.

Ағымдағы жылдың басынан бері орын алған және ықтимал төтенше жағдайлар жөнінде жергілікті және республикалық телевизия арналары бойынша 1792 бейнесюжет (2012 ж. – 1918) көрсетілді, радиодан 19 060 (2012 ж. – 18 029) сөз сөйлеу жүзеге асырылды, баспа басылымдарында 4 796 (2012 ж. – 4 171) мақала жарияланды, ҚР ТЖМ бөлімшелері мамандарының сөз сөйлеуі 25 841 рет ұйымдастырылды.

Сейсмикалық қауіпті және сел қауіпі бар өңірлерде орналасқан оқу орындары мен мектепке дейінгі мекемелерде тиісті жаттығулар өткізіледі.

2013 жылы жалпы білім беретін оқу орындарының оқушыларымен 119 (2012 ж. - 62) интерактивті сабақ өткізілді, олардың тақырыптары әртүрлі: «Өрттің туындау себептері және өрт қауіпсіздігі шаралары», «Төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен адамдарға психологиялық және дәрігерге дейінгі көмек көрсету», «Мұздағы қауіпсіздік», «Су тасқыны мен су басу кезіндегі іс-әрекет» және т.б.

Балаларды оқытуда ойын нысандары – ойындар, КТК, сұхбат пен викториналар, төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекет қағидалары туралы балалар суреттері мен плакаттарының көрмесі пайдаланылады.

Жалпы білім беру мекемелерінің мұғалімдерімен және оқушыларымен барлығы 5 594 (2012 ж. – 4 698) викторина, конкурс, КТК, лекция мен сұхбат өткізіліп, 136 633 (2012 ж. – 120 825) адам қамтылды.

Бұдан басқа, өртке қарсы бөлімшелерде «Ашық есік күндері өткізіледі». Оқушылар өрт сөндіру техникасымен, өрт сөндіру-техникалық жабдықтармен, өртке қарсы күзеттің құрылу тарихымен, өртке қарсы күзет қызметінің ардагерлерімен және қаһармандарымен танысады. Барлығы 384 (2012 ж. - 321) экскурсия ұйымдастырылып, 10756 (2012 ж. – 10 286) оқушы қамтылды.

Оқушылардың өрт сөндіру-техникалық орталықтарына баруы ұйымдастырылады. Өрт сөндіру-техникалық орталықтарда 713 (2012 ж. - 700) экскурсия өткізіліп, 18301 (2012 ж. – 17 996) мектеп оқушысы қамтылды.

Балаларға өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту, патриоттыққа, батылдыққа тәрбиелеу, денесін шыңдау жүйесін жетілдіру мақсатында оқу орындарында жас өрт сөндірушілер мен жас құтқарушылар дружиналары арасында жарыстар өткізіліп тұрады. Жарыс нәтижесі бойынша жеңімпаздар мен қатысушылар грамоталармен, құнды сыйлықтармен және көтермелеу сыйлықтарымен марапатталады. Ағымдағы жылы барлығы 135 (2012 ж. - 134) жарыс ұйымдастырылып, 798 (2012 ж. - 749) оқу орны қамтылды және оларға 7 410 (2012 ж. – 7 235) оқушы қатысты.

2013 жылы Қарағанды облысының «SOS Теміртау балалар деревнясы» жас құтқарушылар командасы Әзербайжан Республикасының Гябля қаласында өткен «Жас құтқарушы» халықаралық балалар-жасөспірімдер жарысына қатысып, жалпыкомандалық есепте үшінші орынды иеленді.

2012 жылы Шығыс Қазақстанның жас құтқарушылары Ресей ТЖМ «Қауіпсіздік мектебі» I халықаралық жарысында үшінші орынды иеленді. 2013

жылы жас құтқарушылар Беларусь Республикасының «Зубренок» балалар демалыс лагерінде өткен жас құтқарушы-өрт сөндірушілердің ХІ халықаралық слетіне қатысып, қатысушы 13 елдің арасынан төртінші орынды иеленді.

Республиканың суда құтқару қызметтері судағы төтенше жағдайлардың профилактикасы бойынша балалармен ұдайы жұмыс жүргізеді.

Балалар сауықтыру лагерьлерін жазғы каникул уақытында балаларды қабылдауға дайындау кезеңінде вожатыйлармен және тәрбиешілермен экстремалды жағдайларда әртүрлі төтенше жағдайларға ден қою мәселесі бойынша семинарлар өткізіледі. Семинарлар барысында суға батып бара жатқандарды құтқару, шұғыл медициналық көмек көрсету жөнінде ұсынымдар мен практикалық білім беріледі.

Балалардың денсаулығын қорғау саласындағы мемлекет саясаты

Денсаулық сақтау мәселелері әрдайым мемлекеттік саясаттың басымдығы болып келді және солай қала бермек.

Денсаулық сақтауды дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында республикадағы денсаулық сақтаудың қолжетімді, сапалы, әлеуметтік бағдарланған және экономикалық тиімді жүйесін дамытуға бағытталған қажетті шаралардың жиынтығы айқындалды.

Баланың денсаулық сақтау саласындағы мүдделерін мейлінше үздік қамтамасыз ету мақсатында балаларға тегін медициналық қызмет көрсету жүйесі, педиатриялық қызмет сақталып, жетілдірілу үстінде.

Белгілі бір аурулармен сырқаттанатын (күйдегі) 18 жасқа толмаған балалар, оның ішінде мүгедек балалар Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың бекітілген тізбесіне сәйкес көрсетілімдері бойынша амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және арнайы емдік өнімдермен қамтамасыз етіледі.

Дәрілік препараттардың бұл тізімі орфандық және онкогематологиялық аурулармен, қант диабетімен, гемофилиямен, бронхиалды астмамен ауыратын балалар үшін «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 18 мамырдағы № 347 бұйрығымен кеңейтілді. Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізіп отырған, қазақстандықтардың өмір сүруінің экономикалық жағдайларын жақсартуға бағытталған бағдардың арқасында елде негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштердің жақсару үрдісі байқалады.

Айталық, өлім-жітімнің азайғаны, халықтың табиғи өсімінің ұлғайғаны байқалып отыр.

**Халықтың табиғи қозғалысының коэффициенттері
(2012-2013 жж. қаңтар – тамыз)
1000 адамға**

Облыстардың атаулары	Табиғи өсім		Бала туу		Өлім-жітім	
	8 ай		8 ай		8 ай	
	2012 ж.	2013 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Қазақстан Республикасы	14,32	14,79	23,02	23,02	8,70	8,23
Ақмола	6,80	6,47	19,30	18,17	12,50	11,70
Ақтөбе	15,94	16,30	23,41	23,48	7,47	7,18
Алматы	16,32	17,94	24,46	25,61	8,14	7,67
Атырау	21,29	21,65	28,21	28,46	6,92	6,81
Шығыс Қазақстан	4,76	5,22	16,60	16,54	11,84	11,32
Жамбыл	19,87	19,63	27,65	27,11	7,78	7,48
Батыс Қазақстан	10,31	10,49	19,90	20,21	9,59	9,72
Қарағанды	6,76	7,42	18,37	18,15	11,61	10,73
Қызылорда	21,61	20,97	28,28	27,05	6,67	6,08
Қостанай	3,16	3,97	15,12	14,74	11,96	10,77
Маңғыстау	25,17	25,49	30,26	30,43	5,09	4,94
Павлодар	6,65	7,48	17,60	17,50	10,95	10,02
Солтүстік Қазақстан	1,48	1,46	15,06	14,93	13,58	13,47
Оңтүстік Қазақстан	25,62	24,70	31,72	30,62	6,10	5,92
Астана қ.	20,23	22,83	24,95	27,18	4,72	4,35
Алматы қ.	10,21	11,10	17,78	18,31	7,57	7,21

(ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша)

Ана мен бала өлімінің проблемасы республика үшін әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Сәбилер өлімі бала тұрғындардың демографиялық жай-күйінің маңызды индикаторы болып қала береді.

2012 – 2013 жылдардағы 9 айда сәбилер мен аналар өлім-жітімінің көрсеткіштері

Облыстардың атауы	Тірі туған 1000 балаға шаққанда сәбилер өлімі		Тірі туған 100 000 балаға шаққанда аналар өлімі	
	2012 жылғы 9 ай	2013 жылғы 9 ай	2012 жылғы 9 ай	2013 жылғы 9 ай

Қазақстан Республикасы	14,0	11,6	14,8	11,3
Ақм ла	12,4	,	10,	22,4
Ақтөбе	12,6	9,6	0,0	,
Алматы	6,	1 9	0,	3,4
Атырау	17,1	12,0	0,0	33,7
Шығыс Қазақстан	16,8	14,1	17,3	5,9
Жамбыл	14,	1 ,6	19,7	19,6
Батыс Қазақстан	10,9	8 6	0,0	0,0
Қарағанды	12,	9 9	6,1	0,0
Қызылорда	18	11 2	0,9	7,1
Қостанай	16,0	1 2	0 0	,
Маңғыстау	15,5	12,	7,9	7,6
Павлодар	9 6	8,8	20,6	0,3
Солтүстік Қазақстан	11,5	12,1	2,	0 0
Оңтүстік Қазақстан	15,6	13,3	27,1	3 6
Астана қ.	10,9	9,1	6,2	17,
Алматы қ.	0,7	9,7	3,6	13,4

Перинаталдық кезеңде пайда болатын кейбір жағдайлар сәбилер өлімінің негізгі себептері болып табылады, екінші орында – дамуындағы туа біткен ақаулар, үшінші орында – тыныс алу жолдарының аурулары, одан кейін жазатайым оқиғалар, жарақаттану мен улану.

Бұл ретте қыздардың арасына қарағанда, ұлдардың арасындағы өлім-жітім жоғары, ал ауылдық жерлермен салыстырғанда қалалық жерлерде 5 жасқа толмаған балалардың арасындағы сәбилер өлімінің деңгейі 6,8%-ға жоғары.

Аналар өлім-жітімінің көрсеткіштері тұрақсыздығымен сипатталады.

2012 жылдың 9 айымен салыстырғанда 2013 жылдың осындай кезеңінің қорытындысы бойынша аналар өлімі 24%-ға, сәбилер өлімі 17%-ға, қан айналымы жүйесінің ауруынан болатын өлім 6%-ға, қатерлі ісіктен болатын өлім 4%-ға және туберкулезден өлу 23,6%-ға азайды.

Аналар мен сәбилері өлімінің азаюына жүйелі шараларды іске асыру нәтижесінде қол жеткізілді.

Бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі – БМСК) деңгейінде фертильді жастағы әйелдердің ұрпақты болу денсаулығын жақсарту, ауруды ерте анықтау, диспансерлік қадағалау және оларды сауықтыру жөнінде іс-шаралар өткізіледі.

Халықаралық перинаталдық технологиялар енгізілуде. Халықаралық талаптарға сәйкес диагностикалау және емдеу хаттамалары жетілдірілуде.

15 – 18 жастағы жасөспірімдер арасында 2008 – 2012 жылдар аралығындағы кезеңде түсік жасату деңгейі 4,2%-дан (123 мыңнан астам) 2,98%-ға дейін (95 мыңнан астам) төмендеді.

Барлығы 385 253 босану тіркелді, оның ішінде 15 – 18 жастағы жасөспірім қыздардың босануы – 4 649, бұл 1,2%-ды құрайды.

Балалардың денсаулығын қорғау деңгейін жоғарылату мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі балалар мен мүгедек балаларды ерте диагностикалауды, емдеуді, сауықтыруды қамтамасыз ету жөнінде, оның ішінде мүгедектік деңгейін азайту жөнінде белгілі бір шаралар қабылдады.

Балалардың аурушаңдығын, генетикалық ауытқулардан қайтыс болу мен мүгедек болып қалуды азайту үшін туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларды профилактикалау және босанғанға дейін ерте диагностикалау мақсатында Қазақстан Республикасында перинаталдық скринингті ұйымдастыру жөнінде «Жол картасы» іске асырылуда (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 183 бұйрығы).

Есту қабілетінің туа біткен ауытқуын уақтылы анықтау мақсатында, сондай-ақ баланың сөйлей білуі және психологиялық-эмоциялық дамуы, есту қабілетінің ауытқуын уақтылы диагностикалау және заманауи есту аппараттарымен жеке сауықтыру үшін қажетті түзету іс-шараларын дереу жүргізу үшін республика бойынша 2011 жылдан бері жаңа туған балалардың бәріне әмбебап аудиологиялық скрининг жүргізіледі.

Балаларды сурдологиялық көмекпен қамту мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасында сурдологиялық көмекті жетілдіру жөнінде «Жол картасын» әзірледі, онда мынадай негізгі іс-шаралар көзделеді:

1) мүгедектігіне қарамастан, 0 – 18 жас аралығындағы балаларды есту аппараттарымен протездеуді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне қосу;

2) имплантант (сөйлеу процессорлары, аккумуляторлар, қорек блогы және басқа да аксессуарлар) қойылған пациенттерді операциядан кейін техникалық қолдауды қамтамасыз ету;

3) сурдология саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру, сурдологиялық кабинеттер желісін кеңейту, материалдық-техникалық базаны нығайту, кадрларды даярлау және оқыту жөніндегі іс-шаралар.

Балалардың өлім-жітімін азайту, аурулардың профилактикасын қамтамасыз ету және алғашқы бес жылда балалардың ойлау қабілетінің, физикалық дамуын толық іске асыруға қол жеткізуге жәрдемдесу үшін елде ДДҰ/ЮНИСЕФ ұсынымдары бойынша «Балалық шақтың ауруларын ықпалдастыра жүргізу» (бұдан әрі – БШАЫЖ) стратегиясы ойдағыдай енгізілді.

Бұл стратегия клиникалық жүргізудің айқын хаттамалары мен ауруханаға жатқызу, дәрілік препараттармен жабдықтау және оларды ұтымды пайдалану, медициналық персоналдың кәсіптік дағдысын арттыру және уақытын үнемдеу, балаларға күтім көрсететін адамдарға консультация беруге және олармен қарым-қатынас жасауға назар аудару стандарттарының көмегімен медициналық қызметтердің тиімділігін арттырады.

Республикада Педиатрия және балалар хирургиясы ұлттық орталығының базасында (Алматы қ.) БЖАИЖ үйлестіру орталығы құрылды, оның мақсаты медицина қызметкерлерін үздіксіз кәсіптік оқытуды жүргізу, 5 жасқа дейінгі дені сау және ауыратын балаларды жүргізу, оның ішінде балалардың есту қабілетін ерте анықтау жөніндегі ДДСҰ ұсынған стандарттарды практикалық жұмысқа енгізу болып табылады.

Республиканың 16 өңірінде өңірлік БЖАИЖ орталықтары құрылды.

2011 жылғы қаңтардан бері 2013 жылғы маусымға дейін БЖАИЖ бағдарламасы бойынша:

3276 (72,4%) педиатр-дәрігер;

925 (59,3%) ЖПД;

1684 (43,8%) фельдшер;

5981 (39,4%) медбике;

546 балалар медицина ұйымдарының бас дәрігерлері оқытылды;

169 өңірлік тренер даярланды.

Республикадағы өңірлік БЖАИЖ орталықтарының бәрі педиатрлардың, жалпы практика дәрігерлерінің, фельдшерлер мен медбикелердің өзін-өзі оқуы мен оларды компьютерлік оқыту үшін қажетті жабдықпен қамтамасыз етіледі.

Медицина қызметкерлерін оқытудың 527 циклі қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, USAID халықаралық әріптестермен бірге 2013 жылдың қаңтар-ақпанында антенатальды күтім тренерлерінің тренингтері өткізілді. Республика бойынша әр облысқа 2 үйлестірушіден 32 өңірлік үйлестіруші даярланды. 2013 жылғы 8 – 13 шілде аралығында ДДСҰ/ЮНИСЕФ ұсынған ана мен баланы қорғау саласындағы антенатальды және перинатальды күтімді бағалау құралын пайдалану жөнінде тренинг өткізілді.

ЮНИСЕФ және ДДСҰ халықаралық ұйымдарымен бірге Денсаулық сақтау министрлігі аналарға 5 жасқа толмаған балаларға күтім жасау қағидалары туралы ақпарат беру жөнінде кең ауқымды науқан жүргізеді. Қазақстандағы жаңа босанған аналардың әрқайсысы қауіпті белгілер сипаттамасы мен 0 – 5 жас аралығындағы бала өмірінің әрбір кезеңіне арналған ұсынымдары бар «Сәби жасындағы балалардың күтімі мен дамуы жөнінде нұсқаулық» алады.

Әйелдер мен балаларға жоғары білікті медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында заманауи, әлемдік стандарттарға сай келетін медициналық мекемелер жұмыс істейді.

2011 жылғы желтоқсаннан бері Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы ұлттық орталығында (бұдан әрі – ПЖБХҰО) жұлынды трансплантациялау, жансақтау және қарқынды терапия, клиникалық трансфузиология және клиникалық-диагностикалық зертхана бөлімшелері бар пациенттердің болуының халықаралық стандарттарына сай келетін әрі жоғары технологиялы жабдықпен жарақталған 80 онкогематологиялық төсектік жаңа корпус пайдалануға берілді.

Жаңа корпус ашылған сәттен бастап барлығы 8328 науқас емдеп шығарылды. 2012 жылдың 1-ші жартыжылдығында ПЖБХҰО онкогематология бөлімшесінде 506 науқас емделді, 2013 жылдың осындай кезеңінде осы бөлімшеде 812 бала емделді.

Балаларға кардиохирургиялық көмек көрсетуді дамыту шеңберінде Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығында балалар кардиохирургия бөлімшесі, Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы ұлттық орталығында кардиология және кардиохирургия бөлімшесі ашылып, жұмыс істеуде.



Шалғайдағы ауылдық өңірлерде тұратын балалар мен әйелдерге медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі үшін республикада көп жылдар бойы жылжымалы балалар-әйелдер консультациялары ойдағыдай жұмыс істеп келеді. Бүгінгі күні елімізде **49** жылжымалы медицина кешендері (бұдан әрі – ЖМК) жұмыс істейді, олар скринингтік зерттеулер жүргізу және консультативтік-диагностикалық көмек көрсету үшін заманауи медициналық жабдықпен жарақталған және дәрігерлер бригадаларымен жасақталған.

ЖМК қызметі нысаналы трансферттер түрінде республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Айталық, 2012 жылы 1,3 млрд. теңге, 2013 жылы – **1,4 млрд. теңге** бөлінді.

Бұдан басқа республиканың озық республикалық клиникаларымен байланыс орнатылған 150 телемедицина орталықтары жұмыс істейді.

2013 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша консультациялық-диагностикалық үш пойыз – «Денсаулық», «Жәрдем», «Саламатты Қазақстан» республиканың 163 (2012 жылдың 6 айында – 141) станциясының тұрғындарын қарап, 39 604 тұрғынды (2012 жылдың 6 айында – 40 478), оның ішінде 6 138 баланы (2012 жылдың 6 айында – 13 473) тексерді. Пойыз

жұмысының нәтижесінде 37,1 мың (2012 жылдың 6 айында – 38,0) ауру, оның ішінде балалардың 4 998 (2012 жылдың 6 айында – 4674) ауруы анықталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 1724 қаулысымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық санитариялық авиация орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

Республикалық санитариялық авиация орталығы өңірлерге 500 реттен астам ұшып барды, оның ішінде, акушерлік практика бойынша – 122, балалардың кезек күттірмейтін жағдайлары бойынша – 207, оның ішінде, жаңа туған (шала туған) балаларға – 107. Халық денсаулығын одан әрі нығайту, оның ішінде аналардың, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі 2011 жылдан бастап барлық өңірлерде БМСК (бастапқы медициналық-санитариялық көмек) ұйымдарының деңгейінде отбасылық денсаулық орталықтарын, профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшелерін құрды, БМСК штаттық нормативтеріне әлеуметтік жұмыскер және психолог лауазымдарын қосты. Әлеуметтік жұмыскерлер мен психологтар консультация береді, үйге барады, үйде қадағалайды және көмек көрсетеді (патронаж және әлеуметтік сүйемелдеу), «сенім телефоны» бойынша көмек көрсетеді (консультация беру).

Өзіне-өзі және өзара көмек көрсету тренингтері өткізіліп, қолдау топтары құрылды. Республикада (2013 ж. қазан) **2029** әлеуметтік жұмыскер (2012 ж. осындай кезеңі – 2093) және **488** психолог (2012 ж. осындай кезеңі – 480) жұмыс істейді.

«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде Денсаулық сақтау министрлігі ҮЕҰ арқылы бес әлеуметтік жобаны іске асыруда, олардың қатарында мүгедек балалары бар отбасыларды қолдауға және ата-аналардың оларға күтім жасау дағдыларын жақсартуға арналған «Отбасының қолынан бәрі де келеді», сондай-ақ әйелдер мен қыз балалардың ұрпақты болу денсаулығын жақсартуға арналған «Мүмкіндігі шектеулі әйелдердің денсаулығын қорғау», «Қызыл желі» телефон арқылы тегін (жасырын) консультация беру жобалары бар.

Мүгедек балаларға медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету

Мүгедек балаларға сауықтыру көмегі республикалық маңызы бар 2 орталықта: Алматы қаласындағы «Балбұлақ» республикалық балалар сауықтыру орталығында және Астана қаласындағы республикалық балалар сауықтыру орталығында көрсетіледі.

Бұдан басқа, мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық сауықтыру және оналту көмегі өңірлік деңгейдегі сауықтыру орталықтарында да көрсетіледі, олардың қызметі мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық-психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік тұрғыдан кешенді сауықтыруға бағытталған.

Всего центров регионального уровня – 55, принадлежащие к различным ведомствам (МЗ РК, МТСЗ РК, МОН РК, НПО и частным структурам).

Мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық көмек көрсетуді одан әрі жақсарту мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық бірыңғай денсаулық сақтау жүйесін енгізу шеңберінде амбулаториялық және стационарлық деңгейдегі ұйымдардың құрамындағы сауықтыру орталықтарының, қалпына келтіру-емдеу бөлімшелерінің желілерін кеңейтіп, стационарды алмастыратын нысандар (күндізгі стационар) мен кешенді сауықтыру және емдік-диагностикалау технологияларының заманауи аспектілерін енгізуде.

«Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 87 қаулысымен мүгедектердің, оның ішінде балалардың церебральды сал ауруымен ауыратын мүгедектердің қоғамдық орындарда болуына қолайлы жағдайлар жасау үшін белгілі бір санитариялық нормалар бекітілген.

Денсаулық сақтау министрлігі жаңа денсаулық сақтау объектілерін салған кезде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуде, атап айтқанда, арбамен қозғалатын мүгедектер үшін кіреберіс жолдарын, ішкі өткелдер мен қатты жабыны бар жаяу жүргіншілер жолдарын, пандустарды және дәретханаларда арнайы кабиналарды көздейді. Сондай-ақ, баспалдақпен жүру үшін балаларға және ересектерге арналған қосарлы тұтқалар, зағиптар мен нашар көретіндер үшін – бұдыр тұтқалар мен тұтқа учаскелерін, баспалдақтың бірінші және соңғы тепкішегін қарсы түстерге бояу көзделеді.

Қазақстан Республикасында балалардың иммундық профилактикасы жөніндегі іс-шаралар

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жұқпалы ауруларға қарсы егу барлық тұрғындар үшін міндетті болып табылады. Қарсы егу жүргізілетін жұқпалы аурулар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Қазақстан Республикасында бала тұрғындарды вакцинациялау тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіреді және республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі.

Мемлекеттің тұрғындарды иммундау саласындағы нысаналы саясатының арқасында елімізді ДДСҰ полиомиелиттен еркін аумақ ретінде сертификаттады, дифтериямен, сіреспемен, көкжөтелмен сырқаттану бірлі-жарым жағдайларға дейін жеткізілді, вирусты «В» гепатитімен, эпидемиялық паротитпен сырқаттану азайды. Қызылша мен қарамықты элиминациялау бойынша ДДСҰ бағдарламасын іске асыру жалғасуда, сондай-ақ елдің полиомиелиттен еркін аумақ ретіндегі мәртебесін қолдау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Нәрестелердің шетінеуі мен ауруға шалдығуын азайту мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде балаларды пневмококк инфекциясына қарсы егуді біртіндеп енгізуді жүргізуде.

2010 жылы Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында, 2011 жылдан бастап Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, 2012 жылдан бастап Қарағанды, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында балаларды иммундау басталды. 2015 жылға қарай пневмококк инфекциясына қарсы егу бүкіл республика бойынша жүргізілетін болады.

Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында балалар арасындағы ауруға шалдығуды 2010 – 2013 жылдары салыстырмалы талдау өкпенің қабынуымен сырқаттану деңгейінің тиісінше 43%-ға және 49,6%-ға; жіті ортаңғы оитпен – 21,3%-ға және 2,13%-ға; өкпенің қабынуынан болатын өлімнің тиісінше 15,5%-ға және 57,1%-ға төмендегенін көрсетіп отыр.

Оқушыларды профилактикалық медициналық тексеру

Республикада балалардың ауруын уақтылы анықтау және сауықтыру үшін жыл сайын профилактикалық медициналық тексерулер өткізіледі.

2013 жылы оқушыларды тереңдетілген медициналық тексерумен қамту 98,3%-ды (2012 жылы 98%) құрады.

0 – 18 жастағы балалардың профилактикалық тексеру нәтижесі

	<i>2012 жылдың 9 айы</i>	<i>2013 жылдың 9 айы</i>
Тексерілген балалар – барлығы, мың	3516,32	3579,83
Тексеру кезінде анықталды, балалар:		
есту қабілеті нашарлаған		
барлығы, мың	4,207	3,534
тексерілгендер санына қатысты пайызбен	0,48	0,41
көру қабілеті нашарлаған		
барлығы, мың	94,113	99,290
тексерілгендер санына қатысты пайызбен	10,77	11,62
сколиозы бар		
барлығы, мың	14,763	12,761
тексерілгендер санына қатысты пайызбен	1,69	1,49
сымбаты бұзылған		
барлығы, мың	6,988	7,088
тексерілгендер санына қатысты пайызбен	0,8	0,83

2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы балаларды профилактикалық тексеру нәтижелерін талдау есту, көру қабілеті нашарлаған балалардың азайғанына қарамастан, жаңа өскіндер пайда болған, тері, жүйке жүйесінің ауруларына шалдыққан балалар санының ұлғайғанын көрсетті.

2012 және 2013 жылдардың 9 айында
Қазақстан Республикасында аурулардың негізгі санаттары бойынша
балалардың ауруға шалдығуы
(0-18 жастағы тиісті тұрғындардың 100 000 адамына шаққанда өмірінде алғаш рет тіркелген аурулардың саны)

	<i>2012 жылғы 9 ай</i>	<i>2013 жылғы 9 ай</i>
100 000 балаға шаққанда аурулар саны – оның ішінде барлығы:	24849,15	23873,67
инфекциялық және паразиттік аурулар	105,19	96,73
ісіктер	48,63	52,76
қан, қан түзу органдарының аурулары және иммундық механизм тартылған жекелеген ауытқулар	5365,77	4809,41
эндокриндік аурулар, тамақтану мен зат алмасудың бұзылуы	1462,86	1365,84
жүйке жүйесінің аурулары	2096,19	2164,29
көздің және оның қосалқы аппаратының аурулары	2740,25	2839,49
құлақ және емізік тәрізді өсінді аурулары	296,94	270,99
қан айналымы жүйесінің аурулары	335,09	191,29
тыныс алу жолдарының аурулары	3680,15	3484,52
ас қорыту органдарының аурулары	1316,9	1288,99
несеп-қуық жолдарының аурулары	649,59	608,79
тері және тері астындағы клетчатка аурулары	232,91	273,39
сүйек-бұлшықет және буын тіндерінің аурулары	1341,06	1283,04
психикалық ауытқулар мен мінез-құлқының ауытқуы	239,93	226,99
туа біткен ауытқулар (даму ақаулары), деформациялар мен хромосомалық ауытқулар	688,19	667,09
жарақаттар мен уланулар	3,58	2,54

Ауруға шалдығудың кейбір көрсеткіштерінің ұлғаюын денсаулық сақтау ұйымдары жүргізетін диагностикалау сапасының жақсаруымен түсіндіруге болады.

Білім беру ұйымдарында оқушыларға медициналық қызмет көрсету

Мектепте медициналық қызмет көрсетудің негізгі мақсаты – оқушылардың денсаулық жағдайын бақылау, алғашқы медициналық және дәрігерлік көмек көрсету.

Мектеп оқушыларының денсаулығын жақсарту үшін Денсаулық сақтау және Білім және ғылым министрліктері білім беру ұйымдарында медициналық кабинеттер желісін дамыту жөнінде шаралар қабылдауда.

Мектептердің **86,2%-ында 6 286** медицина кабинеттері бар, олардың 5 170-і лицензияланған.

Кабинеттердің медициналық жабдықтармен жарақтандырылуы 96,78%-ды, медикаменттермен – 93,2%-ды құрайды.

92 медицина кабинетінде күрделі жөндеу жүргізілді. 46 медицина кабинеті ашылып, қалпына келтірілді, атап айтқанда Жамбыл облысында – 1, Ақмола облысында – 2, Атырау облысында – 2, Оңтүстік Қазақстан облысында – 3, Алматы облысында – 4, Ақтөбе облысында – 13, Қызылорда облысында – 15, Астана қаласында – 1, Алматы қаласында – 5.

999 бастауыш мектепте медицина кабинеттері жоқ (медицина кабинетін ұйымдастыру үшін жағдай жоқ), атап айтқанда: Атырау облысында – 3, Алматы облысында – 5, Маңғыстау облысында – 12, Қызылорда облысында – 18, Қарағанды облысында – 42, Оңтүстік Қазақстан облысында – 52, Жамбыл облысында – 59, Ақтөбе облысында – 78, Павлодар облысында – 97, Батыс Қазақстан облысында – 112, Шығыс Қазақстан облысында – 115, Қостанай облысында – 122, Солтүстік Қазақстан облысында – 125, Ақмола облысында – 159.

Бүгінгі күні оқушыларының саны 600-ден 2500-ге дейінгі жалпы білім беру мектептерінің штатында орта буынның бар болғаны 1 медицина қызметкері бар, ол өзіне функционалдық міндеттер бойынша жүктелген жұмыс көлемін (иммундық профилактика, химиялық профилактика, оқушыларды терең медициналық тексеру, медициналық құжаттаманы жүргізу, санитариялық қағидалар талаптарының сақталуын бақылау және т.б.) қамтамасыз ете алмайды.

Оқушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін орта білім беру мектептерінде штаттық дәрігер бірліктері көзделмеген.

Мектеп оқушыларына медициналық қызмет көрсету мәселесі 2012 жылғы 23 қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында қаралды (№ 20-5-И-863 хаттама). Оның қорытындысы бойынша Денсаулық сақтау министрлігі мектептердегі медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау үшін жұмыс тобын құрды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі балалар мен олардың ата-аналарының салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау және профилактикалық жұмысты күшейту мақсатында республикада Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесі құрылып, жұмыс істеп жатыр.

Кеңес отырыстарында алкоголизмге, нашақорлыққа, уытқұмарлыққа қарсы күрес саласында, мектеп оқушыларын тамақтандыруды, олардың денсаулығын сақтауды, халыққа медициналық-әлеуметтік қызметтер көрсетуді ұйымдастыруда салааралық ынтымақтастықты жақсарту мәселелері және басқалары қаралды.

«Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ-тың қолдауымен салауатты өмір салтын насихаттауға, тәуекел факторлары мен әлеуметтік маңызы бар аурулардың профилактикасына, денсаулық мектептерін жүргізуге, темекі шегуге, алкоголизмге, нашақорлыққа қарсы күреске бағытталған пресс-конференциялар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, акциялар мен басқа да іс-шаралар, сондай-ақ спорттық-мәдени іс-шаралар, спартакиадалар мен конкурстар өткізіліп, ақпараттық-көрнекі материалдар (плакаттар, буклеттер, парақшалар, ата-аналарға арналған жаднамалар, қалта күнтізбелері, футболкалар, бейсболкалар, сөмкелер) таратылады.

Республика өңірлерінің бәрінде салауатты өмір салтының барлық қырлары бойынша билбордтар мен лайтбокстар орнатылған. Бүкіләлемдік отбасы күніне және Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған республикалық акциялар өткізіледі. Осы іс-шаралар шеңберінде білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың медицина қызметкерлеріне арналған оқыту семинарлары, сондай-ақ отбасыны жоспарлау, ұрпақты болу денсаулығын қорғау, түсік жасатудың профилактикасы мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер, оның ішінде дәрігерлердің ауылдарға баруы арқылы ұйымдастырылып, өткізілді.

2013 жылдың 9 айында Қазақстан Республикасында 2 760 825 (2012 жылдың 9 айында 1 500 000) іс-шара өткізіліп, 22 499 620 (2012 жылдың 9 айында – 20 924 510) адам қамтылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде ақпараттық-оқыту материалдары – **20 816 631** дана (2012 жылдың 9 айында – 18 434 099) әзірленді. Салауатты өмір салтының әртүрлі аспектілері және әлеуметтік маңызы бар аурулардың, туберкулездің, темекі шегудің профилактикасы бойынша 8 бейне және 8 аудиоролик әзірленді, сондай-ақ 3 телебағдарлама дайындалды (2012 жылдың 9 айында – 8 бейне және 7 аудиоролик, сондай-ақ 14 телебағдарлама).

Бұдан басқа, 2 веб-сайт (www.hls.kz, www.zhas.kz) жұмыс істейді және ұдайы жаңартылып отырады.

Алматы қаласында Дағдарысты орталықтар одағымен бірге Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы ұйымдастырған, тәулік бойы жұмыс істейтін, жас жеткіншектер мен жастарға арналған Ұлттық қызу желі телефоны (150) жұмыс істейді. 2013 жылдың 1-ші жартыжылдығында 14,0 мыңнан астам қоңырау тіркелді.

Жеткіншектер мен жастарға медициналық, психологиялық, заңдық және әлеуметтік көмек көрсету мақсатында еріктілік, қолжетімділік, тілектестік,

құпиялық және сенім қағидаттарында Қазақстанда жастардың 74 денсаулық сақтау орталығы ашылып, жұмыс істеуде. 2013 жылдың 9 айында жастардың 18 денсаулық сақтау орталығы ашылды, барлығы 74 ЖДО жұмыс істейді, 2013 жылы жүгінгендер саны 1,5 есе өсті.

Темекі шегуді, алкоголизмді және нашақорлықты шектеу және олардың профилактикасы мақсатында 18 жасқа толмаған адамдарға темекі сатуға, 21 жасқа толмаған адамдарға спиртті ішімдіктер сатуға, темекіні бір-бір данадан сатуға тыйым салатын, белгілі бір қоғамдық орындарда темекі шегуді шектейтін, темекі бұйымдарын сатуды жүзеге асыратын жерлерде темекі шегудің зияны туралы міндетті түрде ескерту орналастыруды белгілейтін, 2011 жылғы 31 желтоқсаннан бастап көрнекі жарнамаға және баспа басылымдары мен телевизиядағы және радиодағы жарнамаға, қоғамдық орындарда алкогольді ішімдіктер ішуге тыйым салатын, сондай-ақ алкогольге мас күйінде көлік жүргізгені үшін шараларды қатаңдататын заңнамалы база жетілдірілді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 159-бабының 2-тармағының 8 және 9) тармақшаларына сәйкес 2013 жылдан бастап темекі бұйымдарының қораптары мен орамаларына темекі шегудің зияны туралы графикалық бейнелер (сурет), сондай-ақ құрамы туралы, шайырлы заттар, никотин құрамының деңгейі туралы және кемінде үш қосылыс – жүйелі улар, канцерогенді және мутагенді заттар туралы мәліметтер басылады, оларды орналастыру тәртібі «Темекі бұйымының қорабына, темекі бұйымының қаптамасына шайырлы заттардың, никотиннің құрамы туралы, құрамының деңгейі туралы және жүйелік улар, канцерогендік және мутагендік заттар туралы мәліметтерді орналастыру қағидаларын және темекі шегудің зияны туралы ескертуді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы № 1366 қаулысымен бекітілген. Қазақстан темекі қорабында 6 удың деңгейін көрсететін және темекі түтінінің құрамы туралы ақиқатты ашатын Канададан кейінгі екінші елге айналады.

Бұдан басқа, Кодекстің 159-бабының 3-тармағына сәйкес темекі бұйымдарын сату жүзеге асырылатын жерлерде «Темекі бұйымдарын сату жүзеге асырылатын орындарда орналастырылатын темекі шегудің зияны туралы ескертуді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы № 1367 қаулысымен бекітілген А4 және одан үлкен форматта еденнен кемінде 150 см және 200 см аспайтын деңгейде сауда орнына тікелей жақын жерде темекі шегудің зияны туралы ескерту орналастырылуға тиіс.

Ел қалаларында темекіні тастағысы келетіндерді қолдау үшін телефондық көмек қызметі бар темекіге қарсы орталықтар құру жөніндегі қызмет жалғасады.

Жұмыс істеп тұрған және жоспардағы орталықтардың дерекқоры құрылды, денсаулықты нығайту орталықтарының басшылары үшін өңірлік семинарлар өткізілді. Бүгінде темекіге қарсы 95 (2012 жылы – 68) орталық құрылып, жұмыс істеу үстінде.


Балаларды тамақтандырудың жай-күйі

Балалық шақта және жасөспірім кезінде құнарлы тамақтануы мектеп оқушысының денесі мен ақыл-ойының үйлесімді дамуына, жұмыс қабілеті мен үлгерімінің жоғары болуына ықпал етеді, қоршаған орта факторларына бейімделуіне жағдай жасайды, өмір сүру сапасына айтарлықтай ықпалын тигізеді, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қалыптастырудың және сақтаудың қажетті шарты болып табылады. Мектеп оқушыларының денсаулық деңгейі және олардың толыққанды ыстық тамақпен қамтылуы атқарушы билік органдарының қызмет рейтингінің көрсеткіштері ретінде қосылған.

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау саласындағы мемлекеттік әлеуметтік саясатты іске асыру отырып, өңірлердің көпшілігі мектеп оқушыларын физиологиялық тұрғыдан толыққанды тамақпен қамтамасыз ететін мектепте тамақтандырудың пәрменді жүйесін ұйымдастыру мәселелеріне зор көңіл бөледі.

Республикада ыстық тамақпен республиканың жалпы білім беретін 6183 (84%) мектебіндегі балалардың 79%-ы (1 929 785 адам) ыстық тамақпен қамтылған, 21 %-ы буфетте тамақтанады.

Жергілікті жердің үлгісі бойынша облыстар бөлінісінде балаларды ыстық тамақпен қамту туралы мәліметтер (қала, ауыл)



Халықтың әлеуметтік қорғалмаған тобынан шыққан балалардың 99%-ы тегін берілетін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Табысы аз отбасылардан шыққан оқушыларды ыстық тамақпен толық (100%) қамту Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Астана қаласында қамтамасыз етілген.

Қалған өңірлерде табысы аз отбасылардан шыққан оқушыларды ыстық тамақпен қамту деңгейі жоғары екенін байқауға болады (Ақмола облысында – 98,1%, Ақтөбе облысында – 98,8%, Алматы облысында – 99,2%, Шығыс

Қазақстан облысында – 98,8%, Батыс Қазақстан облысында – 99,4% және Алматы қаласында – 99,2%).

Әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған отбасылардың оқушыларына тегін ыстық тамақ беруді ұйымдастыру туралы мәліметтер

Облыстардың атауы	2012 жыл		2013 жыл	
	балалар саны	%	балалар саны	%
Ақмола	10 325	100,0	10 623	91,7
Ақтөбе	18 258	99,0	11 379	99,8
Алматы	31 770	99,2	31 770	99,2
Атырау	9 289	70,4	8 969	100,0
Шығыс Қазақстан	25 157	97,2	25 423	98,8
Жамбыл	20 873	100,0	20 780	100,0
Батыс Қазақстан	16 805	99,3	17 247	99,5
Қарағанды	18 050	86,0	17 967	100,0
Қызылорда	20 222	100,0	21 303	100,0
Қостанай	10 074	112,9	10 562	100,0
Маңғыстау	8 346	100,0	8 346	100,0
Павлодар	13 972	100,0	14 274	100,0
Солтүстік Қазақстан	10 067	93,4	8 822	100,0
Оңтүстік Қазақстан	25 958	100,0	25 958	100,0
Астана қ.	2 600	95,7	1 289	100,0
Алматы қ.	14 358	96,5	14 770	99,2
Жиыны	256 124	97,0	249 482	99,0

Астана және Алматы қалалары, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары әкімдерінің бастамасы бойынша бастауыш сыныптардың барлық оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

Мектеп тамағының сапасын бақылауды ұйымдастыру, сондай-ақ оқушылардың жекелеген санаттарын тегін тамақпен қамтамасыз ету мақсатында ҚР Үкіметі Санитариялық эпидемиологиялық қағидаларды, балаларға арналған азік-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы техникалық регламентті, мемлекеттік қызметтер көрсету стандартын бекітті.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жауапты болып табылады. Тамақтың сапасын бақылау денсаулық сақтау органдарына жүктеледі.

Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау саласындағы мемлекет саясаты

Қазақстан Республикасында әлеуметтік шығыстарды қаржыландыру көлемі жыл сайын ұлғайып отырады, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың жаңа шаралары қабылданады.

Қазақстанда балалы отбасыларды қолдау «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл заңда төлемдердің бірнеше түрі көзделген: бала тууына байланысты, бала бір жасқа толғанға дейін оны күтіп-бағу жөніндегі жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелейтін адамға төленетін жәрдемақы.



2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жәрдемақы алғандар:

1) **бала тууына байланысты** – **284,1 мың** адам, бұл 2012 жылдың осындай кезеңіне қарағанда **3,1 %-ға** аз. Төленген шығыстардың сомасы **16,0** млрд. теңгені құрады;

2) **бала күтімі бойынша** – орта есеппен **152,1 мың** адам, бұл 2012 жылдың осындай кезеңіне қарағанда **2,9 %-ға** артық. Төленген жәрдемақылардың сомасы **20,0** млрд. теңгені құрады;

3) **он сегіз жасқа толмаған мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамға** – орта есеппен **61,4 мың** адам алды, бұл 2012 жылдың осындай кезеңіне қарағанда **4,7 %-ға** артық. Төленген жәрдемақылардың сомасы **10,7** млрд. теңгені құрады.

Айталық, 2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жүктілігіне және босануына байланысты **31,9** млрд. теңге

мөлшерінде әлеуметтік төлемдер жүргізілді, бұл 2012 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 0,6 %-ға артық; бала күтіміне байланысты – 28,4 млрд. теңге, бұл 2012 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 5,7 %-ға артық.

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 5 сәуірдегі ҚР Заңына сәйкес мыналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді:

1) «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгісімен марапатталған, бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға 6 АЕК мөлшерінде немесе 10 578 теңге (ағымдағы жылдың 9 айында 23,5 млрд. теңге сомасына орта есеппен 246,6 мың адамға төленді. Бұл көрсеткіштер 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда тиісінше 1,3 %-ға және 8,3 %-ға жоғарылады);

2) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында оқып жатқан балалары бар, балалары оқу орнын бітірген уақытқа дейін кәмелеттік жасқа толған, бірақ жиырма үш жасқа толмаған көп балалы отбасыларға 3,9 АЕК мөлшерінде немесе 6 876 теңге (ағымдағы жылдың 9 айында орта есеппен 211,4 мың адамға 13,2 млрд. теңге сомасына төленді. Бұл көрсеткіштер 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда тиісінше 6,2 %-ға және 12,8 %-ға ұлғайды).

Табысы аз балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау мақсатында қолданыстағы заңнамада мыналар көзделген:

1) **әлеуметтік атаулы көмек** (бұдан әрі – АӘК) – жан басына шаққандағы орташа табысы кедейшілік шегінен төмен отбасыларға (күнкөріс деңгейінің 40 %-ы) жан басына шаққандағы орташа табыс пен кедейшілік шегі арасындағы айырма түрінде.

2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша табысы кедейшілік шегінен төмен 56,2 мың азаматқа 1,1 млрд. теңге сомасына АӘК тағайындалған. Бұл көрсеткіштер 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда тиісінше 38,4 %-ға және 27,1 %-ға азайған. Сондай-ақ, АӘК енгізілген уақыттан бері (2002 жылғы 1 қаңтар) жан басына шаққандағы орташа табысы кедейшілік шегінен төмен азаматтар саны 12 есе (1179,9 мың адамнан 2012 жылы 97,3 мың адамға дейін), оның ішінде «18 жасқа толмаған балалар» санаты бойынша алушылар 11 есе немесе 668,7 мың баладан 60,6 мың балаға дейін азайды.

АӘК алушылардың арасында балалардың үлес салмағы мейлінше жоғары – 64,2 %, бұл былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 1,7 %-ға жоғары.

АӘК алушылардың негізгі бөлігін ауылдық жерлердің тұрғындары құрайды – 57,4 %, тиісінше, АӘК-ге бөлінген негізгі шығыстардың жалпы сомасының 57,3 %-дан астамы ауыл тұрғындарына көмек көрсетуге бағытталған.

2) 18 жасқа толмаған балаларға жәрдемақылар – жан басына шаққандағы орташа табысы азық-түлік қоржынының құнынан төмен отбасыларға (күнкөріс деңгейінің 60 %-ы), әрбір балаға 1 АЕК (1731 теңге) мөлшерінде.

2013 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша табысы аз отбасылардан шыққан 18 жасқа толмаған балаларға арналған жәрдемақымен (бұдан әрі – МБЖ) 539,0 мың бала қамтылған, бұл 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 6,7 %-ға төмен, бұл ретте тағайындау сомасы 6,5 млрд. теңге құрады.

Төленген МБЖ жалпы сомасының 76,1 %-ы ауылдық жерлерде тұратын балаларға жіберілгенін атап өткен жөн, МБЖ алушыларының арасынан олардың үлесі 75,1 %-ды құрады.

3) тұрғын үй көмегі – коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстары (осы мақсаттарға) шығыстардың шекті жол берілетін үлесінен асып түсетін отбасыларға. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін жергілікті өкілді органдар айқындайды.

2013 жылғы 2 тоқсанда тұрғын үй көмегі 101 мың отбасыға тағайындалды, бұл 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2,5 %-ға жоғары, тағайындалған сома 1,7 млрд. теңгені құрады. Көрсетілген кезеңде тұрғын үй көмегінің орташа мөлшері 2798,9 теңгені құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2,1 %-ға жоғары.

Балалы отбасыларды әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін дамыту елдегі демографиялық ахуалға және бала туудың жоғарылауына оң ықпалын тигізді. Айталық, егер 2003 жылы елде 247,9 мың бала туса, 2012 жылы жаңа туған балалар саны 1,5 есе дерлік ұлғайды (379,1 мың бала). 2013 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 261,1 мың бала туды.

Мүгедек балаларды әлеуметтік қолдау

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты, балаларды, әсіресе, мүгедек балаларды әлеуметтік қолдау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмысының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 18 жасқа толмаған мүгедек балалардың саны **65 844 адамды** құрады.

Мүгедек балаларды әлеуметтік қорғау және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» және «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларды әлеуметтік қолдау мақсатында барлық облыстарда үйде тәрбиеленетін және оқитын 13913 мүгедек балаға материалдық қамтамасыз ету жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен

төленеді. Бала білім алған кезеңде төленетін төлемдердің орташа айлық мөлшері 3,5 мың теңгеден асады.

Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедек балаларды техникалық көмекші құралдармен қамтамасыз етуге және әлеуметтік қызметтер көрсетуге байланысты мәселелерге үнемі назар аударылып тұрады.

Айталық, 2012 жылы 1,2 мың балаға протездік-ортопедиялық көмек көрсетілді. Көру және есту қабілеті бұзылған 900-ден астам бала сурдо-, тифлотехникамен қамтамасыз етілген – бұл есту аппараттары, көп функциялы сигнал беру жүйелері, мәтіндік хабарламасы бар және хабар қабылдайтын ұтқыр телефондар, диктофондар, дыбыс жазбасын шығаруға арналған плейерлер және тағы басқалары.

Кемтар балаларға 1054 кресло-арба берілді.

Жыл сайын 1000-ға жуық бала санаторийлік-курорттық емдеуге жіберіледі.

Бүгінгі күні әлеуметтік мекемелер желісі орнықты жұмыс істейді, олардың қататында тірек-қимыл аппаратында ауытқу бар мүгедек балаларға арналған 4 интернат үйі, 17 балалар психоневрологиялық интернат үйі, 16 сауықтыру орталықтары, 165 үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері бар.

Мүгедек балалардың 30 %-ға жуығы (20 мың адамнан астам) арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылған.

Интернат үйлеріндегі мүгедектердің өмір сүру сапасын арттыру мақсатында 2009 жылдан бері республикалық бюджеттен Мүгедек балаларды әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын енгізуге 2,5 млрд. теңгеден астам сомаға қаражат бөлінген.

Мұндай қомақты қаржыландыру медициналық-әлеуметтік ұйымдарда әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандардың, әдіскерлердің, дефектолог мұғалімдердің, логопедтердің, дене шынықтыру мұғалімдерінің, еңбек бойынша нұсқаушылардың, музыкалық жетекшілердің, невропатологтардың, педиатр дәрігерлердің, физиотерапевтердің, диетологтардың қосымша штат бірліктерін енгізуге жұмсалды. Баланың әлеуметтік даму деңгейін негізге ала отырып, бір топта жасына байланысты 6 – 12 бала болатын топтарды жиынтықтау ұйымдастырылды, сол арқылы әр балаға жеке көңіл бөлінетін болды. Интернат-үйлерін заманауи қосалқы, медициналық, оқу жабдықтарымен жарақтандыру кемтар балалардың оңалту қызметтеріне мұқтаждығын неғұрлым толық қанағаттандыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің қаражаты есебінен психоневрологиялық ауруға шалдыққан және (немесе) тірек-қимыл аппаратында кемшіліктері бар кемтар балаларға жартылай стационар шарттарында да – күндіз болатын бөлімшелерде, отбасыны қолдау қызметтерінде, үйде қызметтер көрсету шарттарында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Бұл мақсаттарға 2011 – 2012 жылдары республикалық бюджеттен 1,5 млрд. астам теңге бөлінді.

Жартылай стационарларды, үйде әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімшелерін дамыту, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде

дамыту интернат мекемелерінде тұратын мүмкіндігі шектеулі балалардың санын азайтуға бағытталған.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді бәсекелі нарығын қалыптастыру мақсатында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындауға үкіметтік емес ұйымдар барған сайын кеңінен тартыла түсуде.

Айталық, арнаулы әлеуметтік қызметтермен мыналар қамтылды:

2009 жылы 156,9 млн. теңге сомасына психоневрологиялық сырқатқа шалдыққан 1,5 мыңға жуық бала;

2010 жылы 445,6 млн. теңге сомасына психоневрологиялық сырқатқа шалдыққан 2,0 мыңнан астам бала;

2011 жылы 354,5 млн. теңге сомасына 2,3 мың адамға қызметтер көрсетілді;

2012 жылы 429,9 млн. теңге сомасына 2,7 мың адам қамтылды.

2013 жылы осы мақсаттарға республикалық бюджеттен 653,4 млн. теңге сомасында қаражат бөлу көзделген.

Белгілі бір жағымды өзгерістерге және қолданыстағы құқықтық база қарамастан, мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуде проблемалар да бар:

- мүгедектерге арналған оқыту бағдарламаларының болмауы;
- әлеуметтік және көліктік инфрақұрылымның дамымауы, бұл мүгедектердің қоғамға интеграциялану деңгейін төмендетеді.

Бұл проблемаларды шешу үшін Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға қол қойылуына байланысты Министрлік Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруда.

Жоспарға сәйкес:

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының тұжырымдамасын әзірленді, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2013 жылғы 28 наурыздағы отырысында мақұлданды, оның шеңберінде Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелеріне қатысты 24 нормативтік құқықтық актісіне өзгеріс енгізу көзделеді;

- әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне түгендеу жүргізу (паспорттау) жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, өңірлерге жіберілді;

- объектілер қолжетімділігінің жай-күйіне бағалау жүргізудің тиімділігі үшін халықтың ұтқырлығы төмен топтарына арналған мемлекеттік ҚНЖЕ жинағы әзірленіп, онда қолжетімді орта құруға қойылатын талаптар қамтылды. Барлық өңірлерде әлеуметтік және көліктік инфрақұрылым объектілеріне түгендеу (паспорттау) жүргізілуде. 2014 жылы мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде 10 мыңнан астам арнаулы жол белгілерін (сілтегіштер) орнату және жаяу жүргіншілер өтетін жолдарға 136 дыбыс беру құрылғыларын орнату, өңірлік телеарналарда жаңалықтар тізбегін

сурдоаударуға тапсырыс орналастыру, инвентаризация қызметтерін көрсетуді дамыту көзделеді;

- Мүгедектердің проблемаларына қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған қоғамдық ағарту науқанын өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар мен баяндамалар дайындау жөніндегі медиа-жоспар іске асырылды, сондай-ақ 2013 жылға арналған осындай Медиа-жоспар қабылданды (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің бірлескен бұйрығымен);

- жоспардың екінші кезеңін іске асыру жұмыстары жүргізілуде.

Ағымдағы жылы мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуетін дамыту және олардың өзін-өзі көрсетуі әрі қоғам өмірінің барлық салаларында мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар үшін басқа адамдармен бірдей мүмкіндіктер жасауға жұртшылықтың назарын аудару мақсатында ағымдағы жылдың шілде айында мүмкіндігі шектеулі балалар, жастар арасында «РАЗНЫЕ-РАВНЫЕ» деп аталатын тұңғыш республикалық конкурс бастау алды. Конкурсқа 6 мыңнан астам адам қатысты.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты мемлекет саясаты

БҰҰ-ның «балалар» саласындағы халықаралық-құқықтық құжаттарының аса маңызды қағидаттарының бірі балаларды отбасыда тәрбиелеудің артықшылығы қағидаты болып табылады. Баланың құқықтары туралы конвенцияның кіріспесінде «баланың жеке тұлғасының толыққанды және үйлесімді дамуы үшін оның отбасы ортасында, бақыт құшағында өсуі қажет» деп көрсетілген.

Әрбір баланың отбасында өмір сүріп, тәрбиелену құқығын қамтамасыз ету – біздің мемлекетіміз саясатының басым бағыттарының бірі.

Жетімдік, әлеуметтік жетімдік, қолайсыз орта, балалар мен отбасыларға педагогикалық, психологиялық және өзге де көмектің айтарлықтай тапшы болуы сияқты әртүрлі объективті және субъективті себептерге орай мыңдаған балалар мен жастар қоғам мен мемлекеттің қолдауына мұқтаж.

Бүгін республикада **33 682** (2012 ж. – 34785) жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала өмір сүріп жатыр. **23 803** бала отбасыларда қорғаншылықта және қамқоршылықта, патронаттық тәрбиеленуде, **9 879** бала білім, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған **188** ұйымында тәрбиеленуде.



Отбасына жетім баланы тәрбиелеуге алған азаматтарды материалдық қолдау мақсатында қолданыстағы заңнамаға сәйкес **патронаттық тәрбиешіге** 1 947 балаға ай сайын 10 АЕК (17 310 мың теңге) мөлшерінде жетім балаларды күтіп-бағуға арналған ақшалай қаражат пен 32 мың 500 теңгеден 60 мың теңгеге дейінгі аралықта (жұмыс өтіліне, біліктілік санатына қарай) жалақы төленеді.

2011 жылдан бері **қорғаншылар мен қамқоршыларға** жетім баланы күтіп-бағу үшін 10 АЕК мөлшерінде жәрдемақы төленеді. Қазіргі уақытта жәрдемақы қамқоршылықтағы және қорғаншылықтағы **19 775** балаға (2012 жылы – 19 527 бала) төленеді.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының бала асырап алушыларды көтермелеу бойынша шаралар әзірлеу туралы тапсырмасына сәйкес 2015 жылдан бастап бала асырап алуға байланысты **75 АЕК** мөлшерінде біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төленбек.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасында өмір үруп, тәрбие алу құқығын іске асыру отбасылық жағдайларға жақындатылған жағдайларда неғұрлым өнімді қамтамасыз етілмек.

Республикада отбасылық үлгідегі 8 балалар деревнясы, 3 SOS Қазақстан балалар деревнясы, отбасылық үлгідегі 16 балалар үйі бар.

Бүгінде отбасы үлгісінде жұмыс істейтін балалар үйінде балалар 8-10 адамдық топтарда тұрады, ағайындылар мен апалы-сіңлілер, олардың достары бір отбасыға бөлінеді, отбасыға жеке тұрғын блоктары бөлінеді және т.б.

Баланың толыққанды күтім алатыны, қамқорлыққа бөленетіні, отбасында өмір сүру тәжірибесін алатыны жетім балалардың орналастырудың осындай нысанының басты артықшылығы болып табылады.

Бұдан басқа, балалар үйлерінде балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу бағдарламалары енгізілген.

Қазақстан Республикасының Үкіметі SOS Қазақстан балалар деревняларындағы балалар мен жастарды күтіп-бағуға жыл сайын жергілікті бюджеттерден мемлекеттік субсидиялар бөледі.

Барлық ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалған, лингафондық және мультимедиалық кабинеттер бар, **145** ұйым Интернет желісіне қосылған.

Мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, азаматтық қоғамның, ҮЕҰ қолдауымен балалар үйлерін деинституционалдандыру және әлеуметтік жетімдіктің алдын алу жөнінде шаралар кешенін жүзеге асыруда.

Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін білім беру ұйымдарында 3,6 мың әлеуметтік педагог, 7,8 мың психолог, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды орындайтын **314** маман жұмыс істейді.

Мамандар балалардың және отбасының жағдайы нашарлағанын ерте анықтап, отбасыларға уақтылы көмек көрсетуге бағытталған іс-шараларды орындайды. Барлық органдардың қызметіндегі басымдық – баланың туған отбасын сақтап қалу.

Республикада Қамқоршылар одағы, Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар директорларының республикалық кеңесі, ҮЕҰ консультативтік-кеңес беру кеңесі құрылған, олардың бағыттарының бірі әлеуметтік жетімдіктің алдын алу жөніндегі жұмыстар болып табылады.

Өгей ата-аналардың **117** мектебі және **69** Отбасыны қолдау қызметі бар, 2012 жылы – 87 және 58 болған еді.

2013 жылы Мектептер мен Қызметтер 1 348 әртүрлі іс-шаралар өткізді, оның ішінде 416 тұрақты тыңдаушы қамтылған 164 сабақ, 2 972 адам қамтылған 426 оқыту семинары және 6092 консультация (23 000 адам) өткізілді.

2013 жыл бойы Өгей ата-аналардың мектептері мен Отбасыны қолдау қызметтері 6921 қамқоршыға, қорғаншыға, патронаттық тәрбиешіге және бала асырап алғысы келетін азаматтарға заңдық, психологиялық және педагогикалық көмек көрсетті.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың отбасылық нысандары белсенді түрде дамып келеді. 2004 жылдан бері Патронаттық тәрбиеші институты енгізілді.

2012 жылдың маусым айында «Милосердие» еріктілер қоғамы» ҚҚ-мен бірге «Қазақстанда бала асырап алу» бірыңғай ақпараттық интернет-порталы құрылды, оған отбасыларға орналастырылатын балалар туралы ақпарат орналастырылады. **155** бала қазақстандық азаматтардың отбасыларына орналастырылды.

Республикада жыл сайын отбасына бала алғысы келетін азаматтарды қолдауға және тартуға бағытталған «Ризашылық - Доброта во благо детям...!», «Қуан, сәби», «Қамқоршы күні» қайырымдылық мерекелері өткізіледі.

Айталық, «Қуан, сәби» акциясының қорытындысы бойынша жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарының **1002** тәрбиеленушісі қазақстандық азаматтардың қонақжай отбасыларында болып қайтты.


«Балаларға жылу сыйла» республикалық акциясының шеңберінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қамқоршылыққа алған азаматтар үшін «Қамқоршы күні» мерекесі өткізілді. Мерекелік іс-шараларға 12 мыңға жуық қамқоршы қатысты.

Мерекелік іс-шараларға патронаттық тәрбиешілер, қамқоршылар, ата-аналар қауымы, бизнес-құрылымдардың, әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі өңірлік комиссиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, «Нұр Отан» партиясы филиалдарының өкілдері, білім басқармалары мен балалардың құқықтарын қорғау басқармаларының қызметкерлері, БАҚ шақырылды.

БАҚ-та «Біздің балалар», «Үйге жол», «Әр балаға – отбасы», «Әлемге мен керекпін, маған отбасы керек» және басқа арнайы **айдарлар мен бағдарламалар, әлеуметтік бейнероликтер** ұйымдастырылды.

Елде жетім балалар санының азаю үрдісі байқалып отыр.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленушілердің қысқарған саны



Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған **10 ұйым жабылып, 2 жасөспірімдер үйі ашылды** (2012 ж. – 196, 2013 ж. – 188).

Павлодар облысындағы және Алматы қаласындағы мектеп-интернаттар, Қарағанды, Павлодар облыстарындағы жетім балалар баспаналары, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарындағы балалар үйлері,

Алматы облысындағы отбасы үлгісіндегі балалар үйі, Қарағанды облысындағы Жасөспірімдер үйі жабылды.

Балалар үйлеріндегі балалардың саны **1008-ге азайды** (2012 жылдың соңында – 10887, 2013 жылғы 1 қыркүйекке – 9879).

«Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы» 2012 жылғы баяндаманы қарау қорытындылары бойынша **Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі берген тапсырманы орындау үшін** жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға отбасылық жағдайларға мейлінше жақындатылған жағдайлар жасау мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі облыс әкімдіктерімен бірге **ірі балалар үйлерін отбасылық үлгідегі балалар үйлері етіп қайта ұйымдастыру, отбасылық үлгідегі балалар үйлерінің (ОҰБҰ) жаңаларын салу** мәселелерін пысықтауда.

2013 жылы Астана және Атырау қалаларының әкімдіктері балалар үйлерінің жанында жұмыс істейтін мектептерді жапты, олардың тәрбиеленушілері жақын маңдардағы мектептерге орналастырылды.

Жергілікті атқарушы органдардың алдын ала ақпаратына сәйкес (ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша) 2014 – 2020 жылдар кезеңінде **20 ОҰБҰ ашу** болжанып отыр.

2013 – 2016 жылдар аралығында республиканың 5 өңірінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған **10 мекемені жабу** жоспарланған.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету және оларды жұмысқа орналастыру

Өмірге алғаш қадам басқан кезде меншікті баспананың болуы – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердің түлектерін әлеуметтендірудің, бейімдеудің және олардың кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі көрсете білуінің аса маңызды шарты.

ҚР Білім және ғылым министрлігі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірледі, оған Қазақстан Республикасының Президенті 2013 жылғы 4 шілдеде қол қойды. Бұл Заңда жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, тұрғын үй алу құқығын бірінші кезекті іске асыру көзделеді.

Соңғы жеті жылда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға **1328** пәтер бөлінді. Ағымдағы жылы **489** пәтер берілді.



Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында берілген тұрғын үй саны көп.

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы 2012 жылғы баяндаманы қарау қорытындылары бойынша **Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі берген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етудің және оларды жұмысқа орналастырудың кешенді жоспарларын әзірлеу туралы тапсырманы орындау үшін** Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері Жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспарларды әзірлеп, бекітті.

Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында білім, балалардың құқықтарын қорғау басқармалары тұрғын үй басқармасымен бірге жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету және жұмысқа орналастыру жөніндегі кешенді жоспарлар әзірледі.

Жергілікті атқарушы органдар жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектерін жұмысқа орналастыру жөнінде шара қабылдауда.

Айталық, Астана қаласында құрамында бірқатар мемлекеттік органдардың өкілдері кіретін штаб жұмыс істейді, ол балалар үйлерінің түлектерін әлеуметтік қолдауға, жұмысқа орналасуға көмек көрсетуге бағытталған.

Жыл сайын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарындағы түлектер колледждер мен ЖОО-ларға түсіп, білім беру гранттарының иегерлеріне айналады (мемлекеттік білім беру гранттарының, облыс әкімі, кәсіпорын гранттарының және т.б.)

Айталық, мысалы, Ақтөбе облысында «Қазхром» ТҰҚ» АҚ Алға балалар үйінің 15 түлегінің оқуын қаржыландырады.

Колледждер мен жоғары оқу орындарына түскен кезде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының 1%-ы мөлшеріндегі қабылдау квотасы белгіленген.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы студенттер оқу кезеңінде стипендия алады, бұдан басқа, колледждерде тегін тамақпен қамтамасыз етіледі және 4 АЕК мөлшерінде (6 924 теңге) жол жүру өтемақысын алады.

ЖОО мен кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітірген жетім балалар жұмысқа бірінші кезекте орналастырылады.

Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін дербес өмір сүруге, бастамашыл еңбекке бейімдеудің тиімді жүйесін құру мақсатында республика өңірлерінде тәрбиеленушілердің өмірде өзін-өзі табуын қолдау жұмысы жүргізіледі («Өмірді және мансапты жоспарлау» жобасы).

Жобаның негізгі идеясы: мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде қоғам өміріне толыққанды интеграциялау жолымен сәтті әлеуметтік бейімдеуге бағытталған жүйелі қызмет арқылы тәрбиеленушілерге қолдау көрсету.

Қазіргі уақытта жоба республиканың 8 өңірінде іске асырылуда. Оны іске асыруға «Қазмырыш» ЖШС (Шығыс Қазақстан облысы), «Қазхром» ТҰҚ» АҚ (Ақтөбе, Павлодар облыстары) сияқты қала тұзуші кәсіпорындар, сондай-ақ «Өнерпаз» ЖШС, «Батыс Альянс Строй» ЖШС (Атырау облысы) кәсіпорындары, «Nurikon» компаниясы мен «Строймаш-Алматы» ЖШС (Алматы қ.) белсенді түрде кірісті.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз және панасыз қалуының, балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының, оларға қатігездік көрсетудің, зорлық-зомбылықтың, балалар еңбегін пайдаланудың профилактикасы саласындағы мемлекет саясаты


«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңға сәйкес, сондай-ақ **«Балалардың жағдайы туралы» 2012 жылғы баяндаманы қарау қорытындылары бойынша берілген тапсырманы орындау үшін** мемлекеттік органдар азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың тұтас кешенін өткізеді, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз және панасыз қалудың және суицидтік мінез-құлықтың профилактикасы саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені енгізуде.

Кәмелетке толмағандар арасындағы профилактикалық жұмысты жетілдіру мақсатында «Қазақстан студенттерінің альянсы» республикалық штабы мен «Жұлдыз» қоғамдық балалар ұйымдарының одағы» қоғамдық бірлестігі арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Мүдделі мемлекеттік органдармен бірге Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы жөніндегі 2012 – 2013 жылдарға арналған іс-шаралардың ведомствоаралық жоспары іске асырылуда.

Тұтастай алғанда, қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде жасөспірімдер жасаған қылмыстың жыл сайын орта есеппен 6-7%-ға азайғаны байқалып отыр.


2004 – 2012 жылдары және 2012, 2013 жылдардың 9 айында кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың саны



Мұндай үрдіс 2013 жылы да байқалып отыр, ол кезде 9 айдың қорытындысы бойынша жасөспірімдер жасаған қылмыс 7,4%-ға азайған (3435-тен 3180-ге дейін).

Сонымен қатар, 2013 жылдың 9 айында кәмелетке толмағандар жасаған 807 (2012 ж. – 1024) ауыр және 71 (2012 ж. – 49) аса ауыр қылмыс, оның ішінде 42 адам өлтіру (2012 ж. – 27), 86 қарақшылық (2012 ж. – 131), 607 (2012 ж. – 774) тонау және 1551 (2012 ж. – 1594) ұрлық тіркелген. 2013 жылдың 9 айында қылмыс жасаған 4042 кәмелетке толмағандардың арасынан 2614-і (2012 ж. – 2972) жалпы білім беру мектептерінің, 856-і (2012 ж. – 755) – колледждердің және 349-ы (2012 ж. – 425) ЖОО-лардың оқушылары болып табылады.

2004 – 2012 жылдары және 2012, 2013 жылдардың 9 айында жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары жасаған қылмыстар саны



Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың ерте профилактикасы мақсатында, сондай-ақ республикадағы жасөспірімдер қылмысының жай-күйіне атаулы ықпал ету мақсатында «Жасөспірім», «Бітіру кештері», «Каникул» жедел-профилактикалық іс-шаралары мен «Түнгі

қаладағы балалар», «Жасөспірім-Заң- Қауіпсіздік», «Жұмыспен қамту», «Мен және менің полициям» **акциялары** өткізіледі.

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде ағымдағы жылы **ІБ 85 мыңнан астам (2012 ж. – 81,4 мың)** кәмелетке толмаған жеткіншектер жеткізілген, оның ішінде **64 мыңнан астамы (2012 ж. – 57 мың)** – әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін, оның **3,6 мыңы (2012 ж. – 4 мың)** – қоғамдық орындарда алкогольді ішімдіктер ішкені үшін және **бір мыңнан астамы (2012 ж. – 1750)** – бұзақылық үшін. Сондай-ақ, Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына **5 мыңға жуық (2012 ж. – 4,6 мың)** жеткіншек жеткізілген, оның **4 мыңнан астамы (2012 ж. – 3,8 тыс.)** – қадағалаусыз және қараусыз жүргені үшін.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында жүргені үшін ағымдағы жылы ойын-сауық мекемелерінің **800 меншік иесі**, сондай-ақ **2 мыңнан астам ата-ана** әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

2013 жылдың 9 айында полиция қызметкерлері мүдделі мемлекеттік органдармен бірге құқықтық тақырыпқа, оның ішінде балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнаманы түсіндіруге бағытталған **78 мыңнан астам (2012 ж. – 75 мың)** сөз сөйлеу өткізді, оны 74 мыңнан астамы (2012 ж. – 75 мың) – оқу орындарында және 4,7 мыңы (2012 . – 4,2 мың) – БАҚ-та өткізілді.

Кәмелетке толмағандардың жазғы каникул кезеңінде құқық бұзуының профилактикасы, сондай-ақ ішкі істер органдарында есепте тұрған жасөспірімдерді жұмыспен қамту мақсатында ағымдағы жылдың шілде айында **«Жұмыспен қамту»** акциясы өткізілді.

Акция барысында бос уақытты ұйымдастырудың түрлі нысандарына кәмелетке толмаған **50 мыңнан астам** бала тартылды, оның ішінде 9 мыңнан астам бала ІБ есепте тұрады, сондай-ақ 12 мыңға жуығы берекесіз отбасылардан шыққан.

Ішкі істер органдары мүдделі мемлекеттік органдармен бірге берекесіз отбасыларда тұрып жатқан балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруда.

Айталық, 2013 жылдың 9 айында ішкі істер органдарында **12 мыңнан астам** берекесіз отбасы есепте тұрады, оларда тұрып жатқан балалардың саны **19 мыңнан астам**, мұндай балалармен жағдайды жақсартуға және балаларды тұрмыстық зорлық-зомбылық пен отбасындағы қатыгездіктен қорғауға бағытталған профилактикалық жұмыс жүргізіледі.


Білім беру ұйымдарының өкілдерімен бірге берекесіз отбасылардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын 10 мыңға жуық тексеру жүргізілді.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде түзелуіне байланысты **6,6 мыңнан астам** берекесіз отбасы ішкі істер органдарының есебінен **шығарылды**, оларда тұрып жатқан балалардың саны – **11 мыңға жуық**.

Сонымен қатар, 2013 жылы ата-аналық міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ өз балаларына қауіп төндіретін **734 (2012 ж. – 786)** ата-ана өз құқықтарынан

айырылды.

2004 – 2013 жылдары ата-ана құқығынан айыру жөнінде сот қабылдаған шешімдердің саны:



Бұдан басқа, бала тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін **3,9 мыңнан астам** ата-ана мен оларды алмастыратын адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылды (*ҚР ӘҚК 111-бабы*), ата-аналардың немесе олардың міндеттерін орындайтын адамдардың балаларға қатыгездікпен қарау фактілері бойынша 34 (2012 ж. – 20) қылмыстық іс қозғалды (*ҚР ӘҚК 137-бабы*).

Құқық бұзушылықтың ерте профилактикасы мақсатында берекесіз және табысы аз отбасылардан шыққан балалар мен жасөспірімдерді бос уақыттарын пайдалы жұмсауға тарту жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Айталық, ағымдағы жылы кәмелетке толмаған 700 мыңнан астам баланың бос уақыты қамтылды, оның ішінде 7 мыңға жуығы ІБ есепте тұрған балалар және 16 мыңнан астамы берекесіз отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балалар.

«Динамо» ведомстволық спорт залдарына бір мыңға жуық кәмелетке толмаған бала барып тұрды, олардың ішінде 233 бала ішкі істер органдарында есепте тұрғандар.

Сонымен қатар, ІБ есепте тұрған және берекесіз отбасыларда тәрбиеленіп жатқан кәмелетке толмаған 6 мыңнан астам бала аула клубтарына барады.

Өңірлердің әкімдіктерімен бірге білім беру мекемелері мен оларға іргелес аумақтарда бейнебақылау камераларын орнату, сондай-ақ пластикалық карточкаларды пайдалану арқылы бақылау-өткізу режимін енгізу жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде.

Бүгінгі күні жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен бейнебақылау камералары 1131 оқу орнында орнатылған.

Бұдан басқа, еліміздің барлық өңірлеріндегі білім беру ұйымдарында сабақтан тыс уақытта балалармен және жасөспірімдермен өзін-өзі қорғау амалдарына оқытып, шұғыл жағдайлардағы оңтайлы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мақсатындағы арнайы сабақтар өткізіледі. Бүгінгі күні мұндай іс-шаралармен 14 мыңнан астам оқушы қамтылған.

Пилоттық жобаны іске асыру мақсатында (*АҚШ-тағы Кадет мектептері сияқты*) Ақтөбе облысының ІД Оқу орталығының базасында **«Кадеттер мектебі»** құрылды, ол берекесіз отбасыларда тұрып жатқан, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшелердің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде көмек көрсетуге бағытталған. Бүгінгі күні бұл мектепке кәмелетке толмаған 40-тан астам бала барады.

Қазіргі уақытта, оқушылар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мәселелерінде **«мектептегі» полиция инспекторлары** институты өзін-өзі ақтады, олардың саны **1798 бірлікті** құрайды (*қосымша 1427 бірлік талап етіледі*). Олардың жетекшілігімен полицияның жас көмекшілерінің 4,2 мың ерікті жасағы жұмыс істейді, 47 мың мектеп оқушысы қатысады.

Сонымен қатар олар сабаққа бармай жүрген балаларды анықтау мақсатында білім беру органдарының өкілдерімен бірге ай сайын кешенді іс-шаралар өткізіп тұрады. Мысалы, 2012 – 2013 оқу жылында **2 мыңнан астам (2011 – 2012 оқу жылында – 30 мыңнан астам)** осындай жасөспірім анықталып, қабылданған шаралардың нәтижесінде олар қайтадан сабаққа кірісті.

Білім беру ұйымдарының өкілдерімен және ата-аналар комитеттерімен бірге олар 20 мыңнан астам рейдтік іс-шара жүргізді, оның шеңберінде 5,4 мың (*2012 ж. – 5 мың*) құқық бұзушылық анықталды, мектеп ішіндегі есепте тұратын 16 мыңға жуық жасөспірімнің тұратын жеріне және 10 мыңнан астам берекесіз отбасыға барды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлық профилактикасы

Ішкі істер министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен бірге **Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 – 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасын** (*бұдан әрі – Бағдарлама*) іске асыру шеңберінде кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлықтың профилактикасы бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруда.

Үкіметтік емес ұйымдардың бастамасы бойынша Бағдарламаның іс-шаралар жоспарының бірқатар пункттерін қаржыландыру қайта қаралды.

Мысалы, бұдан бұрын халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орайластырылған акцияларды өткізуге көзделген **39,3 миллион теңге** сомасындағы қаржылай қаражат енді ішкі істер органдарында есепте тұрған, өмірде қиын жағдайға тап болған, әлеуметтік баспаналарда тәрбиеленіп жатқан кәмелетке толмаған жеткіншектердің спорт секцияларына тегін баруын қамтамасыз етуге жіберілетін болды.

Осы іс-шара шеңберінде кәмелетке толмаған жеткіншектермен жұмысқа спорт жаттықтырушыларынан басқа осы топтағы жеткіншектердің девиантты мінез-құлқын түзету үшін психологтар да тартылатын болады. Бұл бастаманы Астана қаласы мен Шығыс Қазақстан облысының әкімдіктері қолдап, жергілікті деңгейде қосымша қаржы бөлді.

Астана қаласының әкімдігі кәмелетке толмағандар тегін және жеңілдікпен баратын аула клубтарын дамытуға 2012 – 2014 жылдарға 45 млн. теңге көлемінде қаржы көздеді.

Сол сияқты, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі 7,5 млн. теңге көлемінде қаржы бөлді.

ҚР ІІМ Есірткі бизнесіне қарсы күрес комитеті (бұдан әрі – Комитет) мен оның аумақтық бөлімшелері жастар мен жасөспірімдер арасында есірткі тұтынуды болдырмау жөніндегі жұмысты ұдайы жүргізіп отырады, тәрбиелеу жұмысына, салауатты өмір салтын насихаттауға, профилактика жұмысын жүзеге асыратын мүдделі мемлекеттік органдардың және қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіруге мән берілді.

Елдің барлық өңірлерінде жыл сайын Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне (26 маусым) арналған, жасөспірімдер мен жастар арасында есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыруға бағытталған акциялар өткізіледі.

Акциялардың шеңберінде ақпараттық-насихат жұмыстары жүзеге асырылады, мәдени-бос уақыт және спорттық іс-шаралар өткізіледі.

Ағымдағы жылдың басынан бері Комитет пен оның аумақтық бөлімшелері профилактикалық сипаттағы **6 382 іс-шара** ұйымдастырып, өткізді, олардың қатарында 375 акция, 2 255 лекция және 1 653 кездесу, 442 дөңгелек үстел, 256 конкурс, 587 спорт жарыстары мен турнирлер бар.

Денсаулық сақтау және білім беру органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, 3236 іс-шара, ҰЕҰ-мен бірге – 1607, мектептердегі полиция инспекторларымен бірге білім беру объектілерінде – 3362, ЖОО-ларда – 1245 іс-шара өткізілді.


Конференцияларда, семинарларда және дөңгелек үстелдерде кең ауқымды мәселелер, оның ішінде оқу орындарында нашақорлықтың алғашқы профилактикасын ұйымдастыру, есірткіге тәуелді адамдардың профилактикасы, оларды емдеу мен сауықтыру проблемалары, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл жасау проблемалары, есірткі бизнесіне қарсы күрестің тиімділігін арттыру және басқалары талқыланды.

Іс-шараларды өткізу барысында жасөспірімдер мен жастарды камтудың жалпы көлемі 280 мың адамнан асты.

Ағымдағы жылы Комитет пен оның аумақтық бөлімшелері есірткіге қарсы бағытта **6215** материал жариялады. Комитет пен ІІД басшылығы тілшілер үшін 340 брифинг пен баспасөз конференцияларын өткізді.

«Наркопост» және «Будущее без наркотиков» журналдарының үш нөмірі шығарылып, мемлекеттік органдар мен ІІМ оқу орындарына, сондай-ақ ТМД құқық қорғау органдары мен халықаралық ұйымдарға жіберілді.

Бұдан басқа, «Қазақстан» ҰТА телеарнасымен бірге «Шырмау» деректі фильмі шығарылып, оның көрсетілімі Халықаралық есірткіге қарсы күрес күніне (26 маусым) орайластырылды.



Ресми деректерге сүйенсек, 2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтынатын **40 224** адам тіркелген (2012 жылы – **41614**), есірткі тұтынушылардың 1390 адамға **азайғаны байқалып отыр**, бұл **3,3%-ды** құрайды.

Жас шамасына қарай құрамы:

14 жасқа толмаған – 263 (2012 ж. – 392);

15-17 жас – 1519 (2012 ж. – 1810).

Есепте тұрған кәмелетке толмағандар санының азаю үрдісі сақталып отыр: 2010 жылы – 3681-ден 2939-ға дейін, 2011 жылы – 2613-ке дейін, 2012 жылдың 9 айында – 2202-ге дейін, 2013 жылдың осындай кезеңінде – *1782-ге дейін (-19,1%)*.

Сотталған кәмелетке толмағандармен тәрбиелік жұмысы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқарушы жүйесінде (бұдан әрі – ҚАЖ) бүгінгі таңда бір тәрбиелік колония (ЛА-155/6 мекемесі) және ЛА-155/4 мекемесінің жанындағы қыздарға арналған жергілікті учаске бар. ЛА-155/6 мекемесінде 128 кәмелетке толмаған сотталғандар жазасын өтеуде, ЛА-155/6 мекемесінің жанындағы жергілікті учаскеде – 0.

Кәмелетке толмаған сотталғандармен жұмысқа қаланың көптеген ұйымдары, оқу орындары, қоғамдық бірлестіктер, діни конфессиялар қатысады.

Осылай, 2013 жылғы 26 сәуірде «Үміт» халықаралық орталығы» ҚҚ-ның, «Әлеуметтік Жобалардың Халықаралық Ассоциациясы» ҚБ-ның көмек көрсетуімен «ЛА-155/6 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесінде «Қазақстан – туған үй» 1-ші Өңіраралық конкурсы ұйымдастырылды және өткізілді. Әртүрлі номинацияларда 1-ші орындар алған сотталғандарға арналған конкурстың нәтижелері бойынша ҚР ҚАК-нің 130-бабына сәйкес колония қызметкерлерінің бірге жүруімен тәрбиелік колонияның шегінен тыс мәдени-ойын-сауық және спорттық іс-шараларына баруға құқығын іске асыру мақсатында

Алматы қаласының көз тартарлықтай жерлері бойынша таныстыру-танымдық экскурсиясы ұйымдастырылған болатын.

Сонымен қатар, мекемеде колонияның Қамқоршылық кеңесі қызмет етеді.

Сотталғандарды тәрбиелеу процессінде маңызды бағыттардың бірі жеке-тәрбиелеу жұмысына туысқандарын тарту болып табылады және ол әсіресе туысқандары сотталғандармен кездесуге келген уақытта, ал қажеттілігіне қарай туысқандарын арнайы шақыру бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар, психологиялық жүкті тастау бөлмесінде сотталғандарға психологиялық көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізіледі. Кәмелетке толмағандармен жұмыстың **жаңа бағыттарының бірі психолог-нұсқаушының жұмысы** болып табылады. Кәмелетке толмағанның тұлғасының дамуы, физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау үшін жағдайлар жасалады. 2013 жылдың басынан бастап ЛА-155/6 мекемесінің психологиялық қызметінің қызметкерлері колония тәрбиеленушілерінің арасында суицидтік әрекеттерінің профилактикасы және жол бермеу бойынша іс-шаралар қатарын өткізген болатын. ЛА-155/6 мекемесінің тәрбиеленушілеріне жүйелі түрде Люшердің ОСР және МЦВ әдістемелерін қолдану арқылы суицидтік үрдісін анықтау үшін психологиялық-диагностикалық тексерулер өткізіледі.

2013 жылғы 24 тамыздағы жағдай бойынша суицидке және мүшесін зақымдаушылыққа бейім ретінде психологиялық қызметтің есебінде **85 (2012ж. - 90) тәрбиеленуші түр.**

Психологиялық қызметтің профилактикалық есебінде тұратын тәрбиеленушілермен жүйелі түрде психологиялық-түзету (*жеке де, топпен де*) және психологиялық-консультациялық жұмыстары жүргізіледі.

Есептік кезең ішінде ЛА-155/6 мекемесінің тәрбиеленушілерімен **723 (2012ж. – 461)** жеке консультациялар өткізілді. Топтық психологиялық-түзету сабақтары **55 (2012ж. - 24)** қатысушылар саны – **589 (2012ж. - 230)**. Сонымен қатар, Қоғамдық-бақылайтын комиссияның (*бұдан әрі –ҚБК*) көмек көрсетуімен 16 маусымнан 28 тамызға дейін жазғы каникулдар кезінде **«Кәмелетке толмағандарды қайта әлеметтендіру» PRI жобасының психологтары** кәмелетке толмаған сотталғандармен «Антиагрессия» психологиялық тренингтерін өткізеді. Сондай-ақ, 5 жыл бойы сотталғандармен Қазақ Мемлекеттік әйелдер педагогикалық университетінің ғылыми-зерттеу тобы жұмыс істейді, ол психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізеді, азаттыққа шыққаннан кейін сотталғандарға қайта әлеуметтенуге педагогикалық көмек көрсетеді.

Орта білім алу құқығы іске асырылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес оқыту сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 104-ші және 108-ші баптарына сәйкес түзеу мекемелерінде сотталғандардың арасында кәсіби және орта білім алу ұйымдастырылады.

Сабақтарда оқушыларды белсендіру және оларға пәнге деген қызығушылықты баулу үшін мұғалімдер оқытудың қазіргі заманғы техникалық құралдарын: компьютерлерді, DVD-плейерді, видеомагнитофондарды пайдаланады.

2013-2014 оқу жылының 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 103 оқушы бола тұра мемлекеттік және орыс тілінде оқытатын 8 сынып ашылды.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта еңбек шарты бойынша 2 сотталған асханаға жұмысқа тұрғызылды. Ағымдағы жылдың басынан мекемеде жұмыс орындарында өндірістік жарақаттанушылық жағдайларына жол берілген жоқ.

Ағымдағы кезеңде 6 сотталғандарға жеке куәлігі рәсімделді, Алматы қаласы Жетісу ауданының Көші-қон полициясында сотталғандардың жеке басын куәландыратын құжаттарды рәсімдеуге 9 материал аяқталу сатысында.

Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша 2 кәмелетке толмаған сотталғандар жазасын өтеу орны бойынша әлеуметтік жәрдемақы алады. Кәсіби мектепті аяқтағаннан кейін сотталғандар мемлекеттік үлгідегі куәлік алады.

Сотталғандармен мәдени-бұқаралық жұмысты өткізудің зор маңызы бар, себебі ол сотталғандарда жоғары адамгершілік қасиетін дамытуға, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға бағытталған. Ж. Жабаев атындағы Мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасымен жұмыс жолға қойылған, мемлекеттік мерекелерге бірігіп іс-шаралар өткізіледі, жаңа ұрпақ кітаптарының көрмелері ұйымдастырылады. Алматы қаласының адвокаттар коллегиясы заңдық кеңесінің меңгерушісі С.В. Витковская О. Борецкийдің киноклубымен бірігіп тәрбиеленушілер үшін одан әрі талқылай отырып фильмдерді көруді ұйымдастырды.

Қылмыстық-атқару жүйесі қоғамдық бақылау үшін ашығырақ болды.

Осылай, «Әлеуметтік жобалардың халықаралық ассоциациясы» ҚБ-мен, «Үміт» ХО» ҚБ-мен, «Жеті Ағаш» ҚБ-мен, «Қазақстандағы түрме реформасына көмек беру» ҚБ-мен, ҚБК-мен өзара ынтымақтастық жолға қойылған.

Мақсаты – консультант-мамандардың көмегімен сотталғандарға қоғамға толыққанды бейімдеу үшін тең мүмкіндіктерді жасау, психологиялық қолдау, бейімдеу үшін жағдайлар жасау.

БАҚ өкілдерімен тікелей өзара іс-әрекет жолымен қылмыстық-атқару заңнамасының негізгі қағидаттардың бірі – ашықтық қағидаты іске асырылады. Тәрбиелік колонияның қызметі туралы, оның ішінде бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбиелік жұмысына қатысты ақпарат, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясынан тұратынды ескермегенде, жұртшылық үшін қол жетімді және ашық болуы тиіс. Бұл үшін «Хабар», «31 канал», «Қазақстан» ТВ, «Заң», «Время молодых», «Юридическая газета» газеттерінің, «Исполнение наказаний» журналының редакциялары сияқты БАҚ өкілдерімен өзара ынтымақтастық жолға қойылған.

2013 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларының (бұдан әрі – ҚАИ) есебінде 257 кәмелетке толмаған қоғамнан

оқшаулаумен байланысты емес жазалауға сотталғандар тұрады 2012 жылмен салыстырғанда төмендеу 23 кәмелетке толмағандарды құрады (2012ж. - 280).

2013 жылғы 9 айдың ішінде қай есебінде тұрған кәмелетке толмағандар 10 қылмыс жасады (2012ж.- 21).

Бостандығынан айырмаусыз сотталған тұлғалар тарабынан құқық бұзушылықтардың және қайта қылмыс жасаудың профилактикасы мақсатында ҚАЖ Комитетінің бұйрықтарымен (ағымдағы жылғы наурыздың 11-нен 19-на дейін, маусымның 3-нен 12-не дейін және қыркүйектің 9-нан 15-не дейін) **«Сынау», «Тұрмыс» және «Альтернативник»** республикалық профилактикалық іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар, аумақтық ҚАИ облыстардың және Астана, Алматы қалаларының ПД-нің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшелерімен бірігіп орындарда профилактикалық іс-шаралар өткізілді.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды оңалту үшін әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету мақсатында Астана қаласы бойынша ҚАЖ департаменті **«Құқық»** қоғамдық қорымен меморандум жасасты.

«Шанс» әлеуметтік-құқықтық қолдау орталығында күндіз болатын ерікті негізде ҚАИ есебінде тұратын қоғамнан оқшаулаусыз кәмелетке толмаған сотталғандар психологиялық-әлеуметтік оңалту курсы өтуде.

2012 жылғы 4 ақпандағы ҚР Президентінің Жарлығымен барлық облыстық орталықтарда және кейбір ірі қалаларда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды.

Кешенді юрисдикцияның соттары болып табылатын ювеналдық соттардың соттылығына кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы қылмыстық істер және кәмелетке толмағандардың құқықтарын тікелей бұзатын қылмыстар туралы қылмыстық істер ғана емес, баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы, ата-аналық құқығынан айыру (шектеу) және қайтару туралы, баланы асырап алу туралы, кәмелетке толмаған балалардың қорғаншылығынан және қамқоршылығынан (қамқорлыққа алу) туындайтын даулар бойынша азаматтық істер; әкімшілік құқық бұзушылықтар (кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғу, ата-аналарының және оларды алмастыратын тұлғалардың балаларды тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамауы, кәмелетке толмағанды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту) туралы істер және басқалар да жатады.

Сонымен қатар, республикада арнайы конкурстан өткен адвокаттардан және әлеуметтік жұмыскерлерден тұратын мамандандырылған ювеналдық заңдық консультациялар жұмыс істейді.

2013 жылғы 24 маусымда Еуропалық кеңес пен Қазақстан Республикасы Пралмаенті Мәжілісінің Заңнамалық және сот-құқықтық реформа жөніндегі комитет бірігіп ұйымдастырған **«ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексінің жаңа жобасының шеңберінде ювеналдық әділет жүйесін дамыту проблемалары»** тақырыбына семинар өткізілді.

Балалар мен жасөспірімдердегі суицидтік мінез-құлық профилактикасы

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары балалар мен жастардың суицидтік мінез-құлық проблемасы өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі **2012-2014 жылдарға суицидтерді болдырмау жөніндегі ведомствоаралық іс-қимыл жоспарын әзірледі.**

Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықна жедел көңіл бөлудің, болдырмаудың, профилактикасын психологиялық қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру мақсатында ел өңірлерінде **187** ведомствоаралық жұмыс тобы жұмыс істейді.

Ведомствоаралық іс-қимыл жоспарының шеңберінде Қазақстан Республикасындағы жасөспірімдер арасындағы суицидтерді зерттеу жөніндегі бағдарлама жобасы әзірленуде.

2013 жылғы 26 шілдеде зерттеу әдіснамасы мен индикаторларын талқылау және бекіту бойынша ведомствоаралық консультациялық кеңес өтті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Ұлттық үйлестіру кеңесінің отырысында суицидтердің алдын алу саласындағы сектораралық өзара іс-қимыл жасау бойынша есеп ұсынылды.

2013 жылғы 14 мамырда халықаралық сарапшылардың қатысуымен осы салада жұмыс істейтін мамандарды, мүдделі мемлекеттік органдардың, облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің, елшіліктердің, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін шақыра отырып «Мемлекеттік деңгейде суицидтер превенциясының ведомствоаралық аспектілері» конференциясы өткізілді.

Жасөспірімдер арасындағы суицидтердің деңгейін төмендетуге Денсаулық сақтауды дамытудың «Саламатты Қазақстан» қолданыстағы мемлекеттік бағдарламасы да бағытталған.

Қазіргі уақытта Денсаулық сақтау министрлігі осы Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде аудандарда мамандандырылған суицидологиялық қызметтерді ашу мәселесін пысықтауда, олар кризистік жағдайдағы және суицидтік мінез-құлық бар тұлғаларға көмек көрсететін болады (*«Сенім телефоны» шұғыл психологиялық көмек қызметі, кризистік стационарлар, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету кабинеттері және оңалту орталықтары*).

Осылай, Астанада балаларға арналған шұғыл медициналық жәрдем кабинеті ашылды. Кабинет қызметінің басты мақсаты балаларға білікті шұғыл психологиялық, психотерапиялық, суицидологиялық көмек көрсету, суицидтік мінез-құлық мониторингін жүргізу болып табылады. Шұғыл психологиялық көмек көрсету кабинетінің ашылуы осы проблемамен айналысатын барлық ведомстволардың қызметін үйлестіруге, әрбір нақты жағдай бойынша қайталама суицидтік әрекеттердің превенциясын өткізуге, осылайша жасөспірімдердің психикалық денсаулығының сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Астана қаласында ересектерге мамандандырылған кризистік көмек - № 4 қалалық емханадағы шұғыл медициналық көмек кабинетінде, емханалардың жанындағы жастар денсаулығы орталықтарында, СӨС орталығында және шұғыл психологиялық көмек сенім телефондары бойынша көрсетіледі.

Уәкілетті органдар балалар арасындағы өз-өзіне қол жұмсау санын барынша азайту бойынша белгілі бір жұмыс жүргізгенін атап өту қажет.

Денсаулық сақтау министрлігінің **Психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығында суицидология бөлімшесі ашылды.**

Дәрігер-психиатр мамандар ЖОО-да және ООО-да жасөспірімдерге психологиялық, әлеуметтік, психотерапиялық көмек көрсететін барлық қызметтердің телефондары мен мекенжайлары көрсетілген ақпараттық стенділерді құруда әдістемелік көмек көрсетеді.

Кризистік жағдайдағы және суицидтік мінез-құлқы бар тұлғаларға мамандандырылған көмек көрсету мәселелері бойынша әр түрлі ведомстволардың мамандарының (*алғашқы медициналық-санитариялық топ пен оқу орындарының психиатрлары, психологтары, педагог-психологтары*) біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылған.

Мектеп психологтарының қызметін нақты реттеу үшін Білім және ғылым министрлігі Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет жұмысының ережелерін әзірледі және бекітті (*ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 528 бұйрығы*).

«Өзін-өзі тану» пәніне өзінің мінез-құлқын реттеу дағдыларын қалыптастыру, әлемді оң сезіну мен қабылдауды дамыту, мазасыз жағдайдың, агрессияның ерте белгілерін анықтау бойынша арнайы бөлімдер енгізілген.

Бұқаралық ақпарат құралдарында өмірге деген оң қарым-қатынастың маңыздылығы туралы материалдарды жариялау жүзеге асырылуда, спортты дәріптеу және халықты спорттық іс-шараларға тарту жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде.

Зорлық көрсетуді, қатаң қарым-қатынасты, балалар еңбегін пайдалануды профилактикалау

Балаларға қатысты жәбір көрсетушілікті болдырмау мақсатында заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жалғасуда.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық жәбір көрсетуге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қаралуда. Бұл заң жобасы отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы, оның ішінде жасөспірімдерге қарсы қылмыс үшін жауапкершілікті қатайтуды көздейді.

Жәбір көрсетуді профилактикалау мәселелері 2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жасөспірімдердің істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның XI отырысында қаралды. Қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдар орындау және шаралар қабылдау үшін жергілікті атқарушы органдарға жіберілген.

Балаларға жәбір көрсетуді және оларға қатаң қарауды профилактикалау мақсатында республикада алғаш рет халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың қолдауымен «Қаталдықсыз және жәбірсіз балалық шақ» кең ауқымды жалпы ұлттық ақпараттық науқаны жүргізілді, оған 2 млн.артық бала, 1 млн.артық ата-аналар қоғамының өкілдері қатысты.

Қызметінің 7 бағытының бірі балаларға қатысты зорлық көрсетуді, адам саудасын және балалар еңбегін пайдалануды тоқтату болып табылатын ҰЕҰ Кеңесінің «Отбасы институтын күшейту – жасөспірімдер арасындағы зорлықты, қатаң қараушылықты, құқық бұзушылықты профилактикалау және оның алдын алу» тақырыбына кеңейтілген отырысы өткізілді. Ұсынымдар өңірлерге жіберілді.

2013 жылы БҰҰ Балалар қорымен бірлесіп (ЮНИСЕФ) халықаралық сарапшылардың қатысуымен Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықпен бірге 4 конференция мен дөңгелек үстел өткізілді.

Бұдан басқа, ЮНИСЕФ ҚР-да адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп мектептегі балаларға қатысты зорлық көрсету мәселелері бойынша Қазақстанның 4 өңірінде зерттеу жүргізген.

Барлық білім беру ұйымдарына балаларға қатысты қатаң зорлық көрсетуді профилактикалау мен оның алдын алу туралы әдістемелік ұсынымдар жіберілген. Педагогтардың, психологтардың біліктілігін арттыру бағдарламаларына «Отбасылық бейберекетсіздікті ерте анықтау және отбасымен қарым-қатынас жасау», «Өмірдің қиын жағдайларына төзімділікті насихаттау» және т.б. тақырыптар енгізілген.

Балалардың құқықтарын еңбекті пайдаланудан қорғау мәселелері бойынша заңнама жетілдірілуде. Осылай, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына «баланы экономикалық пайдалану» түсінігі енгізілген және баланың экономикалық пайдаланудан қорғалуға құқығы бекітілген.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен балалар еңбегінің шектеулері белгіленген және олардың физикалық дамуына, сапалы білім алу мүмкіндігіне зиян келтіруі мүмкін балалар еңбегінің ең нашар нысандарына балаларды тартқан үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделеді.

Қоғамға балалар еңбегін пайдалану туралы ақпарат беру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, «Интеллектуалдық еңбек әйелдерінің одағы» ҚБ және Халықаралық еңбек ұйымымен бірлесіп, 2013 жылғы 1-12 маусым

аралығында «Балалар еңбегін пайдалануға қарсы күрестің 12 күні» жыл сайынғы ұлттық ақпараттық науқанын өткізді.

ХЕҰ ұсынымдары бойынша ИПЕК 8-ші ұлттық ақпараттық науқаны «Балалар – үй қызметкерлері еңбегіне жол жоқ» атты ұранмен өткізілді.

Бекітілген Іс-шаралар жоспары шеңберінде:

- 24 пресс-конференция, 210 дөңгелек үстел, шамамен 2,5 мыңға жуық конкурс, әңгімелесу, семинар, тренинг, дебат, флеш-мобтар өткізілді;

- 50 мыңнан артық жадынамалар мен буклеттер таратылды;

- сенім телефондары бойынша, қабылдау бөлмелерінде 400-ден артық түсіндіру берілген;

- 149 мақала жарияланған және БАҚ-та ҰАН өткізу туралы 140-тан артық бағдарлама ұйымдастырылған;

- балалар еңбегінің ең нашар нысанына тартылған 76 жасөспірім анықталған (35 – базарда сатушы, 31 – официант, 8 – көлік жуушы болып, 2 – ТҚКС-та жұмыс істеген);

- еңбек заңнамасын, кәмелетке толмаған қызметкерлермен еңбек шартын жасау бөлігінде бұзған 14 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

ҰАН іс-шараларымен барлығы 1,2 млн.артық жасөспірім және 200 мыңнан артық ересек қамтылған.

Отбасы және отбасылық тәрбие құндылығын насихаттау, адамның адамгершілік-рухани дамуын ақпараттық сүйемелдеу саласындағы мемлекеттің саясаты

Отбасылық тәрбиенің өсіп келе жатқан ұрпақты рухани-адамгершілік және әлеуметтік қалыптастырудағы маңызы өте зор.

Отбасылық қатынастарды бекіту бүгінгі таңда одан да зор мағына алуда. Тұлғаның жан-жақты дамуы үшін балалар отбасылық жағдайларда, бақыт, махаббат және түсінушілік жағдайында өсулері қажет.

Республикада жүйелік негізде отбасы институтының беделін жоғарылатуға, қоғамда ең жақсы отбасылық дәстүрлерді насихаттауға, физикалық және өнегелі дені сау ұрпақты тәрбиелеуде отбасының еңбегін мойындауға бағытталған іс-шаралар қатары өткізіледі.

Білім беру ұйымдарында рухани-адамгершілік құндылықтарды, некені және отбасыны бекіту негіздерін насихаттау тәрбиелік іс-шаралар жүйесі, «Өзін өзі тану» бағдарламасы арқылы, барлық сабақтарда, сондай-ақ мектеп үйірмелері мен секцияларының сабақтарында іске асырылады.

Білім беру жұмыскерлерінің және ата-аналардың психологиялық мәдениетінің және психологиялық күзиреттілігінің деңгейін жоғарылату мақсатында Астана қаласында Отбасылық тәрбиелеу институты қызмет етеді.

2012 жылдан бастап республиканың 490 педагогтары мен психологтары отбасылық тәрбие бойынша біліктілігін жоғарылату және кадрларды қайта даярлау курсының бағдарламасы бойынша оқыды және «Отбасылық тәрбие бойынша психолог-консультанты» біліктілігін алды. Оқу курсының бағдарламасы

теориялық және практикалық сабақтардың 835 сағатын құрайды. Институт мұғалімдер үшін «Отбасылық тәрбие: Қалай жақсы ата-ана болуға болады» ата-аналарға арналған әдістемелік құралын, психологтар мен ата-аналарға арналған отбасылық тәрбие бойынша «Бақытты отбасы» оқу курсын әзірледі.

Жыл сайын Астана қаласының 1000-нан астам ата-аналары педагогикалық және психологиялық мәдениетін жоғарылату үшін педагогикалық шеберлік мектебіне барады.

2013 жылдан бастап республиканың 5 өңірінде Отбасылық тәрбие орталықтары ашылды.

2013 жылдан бастап республикада Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы кәсіби және басқа да мерекелер туралы» № 3827 жарлығына сәйкес Отбасы күні тойланады. Мемлекеттік және жергілікті атқару органдары отбасы және балалар проблемаларымен айналысатын қоғамдық ұйымдармен бірлесіп республиканың барлық өңірлерінде идеологиялық мағынасы қазақстандық отбасының оң имиджін насихаттауға бағытталған іс-шаралар өтті.

Іс-шаралар шеңберінде ғылыми-практикалық конференциялар, кездесулер, «дөңгелек үстелдер», ток-шоулар, бұқаралық отбасылық мейрамдар, әдеби-поэтикалық кештер, спорттық отбасылық эстафеталар, сондай-ақ әртүрлі отбасылық шығармашылық фестивальдары, жетім балаларға және ата-аналарының қарауынсыз қалған балаларға, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға және басқаларға арналған қайырымдылық акциялары өтті.

2013 жылғы 8 қыркүйектегі 500 арнайы ашық консультациялық пунктарында елдің отбасылық тәрбие бойынша ата-аналық жұртшылығына арналған кең ауқымды күндізгі тегін консультациялар нысанында «Отбасынан қымбат не болуың мүмкін?» республикалық акциясы өтті. Республика мектептерінде «Проктер энд Гэмбл Қазақстан» компаниясының қолдауымен оқушылар арасында «Рахмет, ана!» шығармалар конкурсы дәстүрлі ұйымдастырылды.

Жыл сайын (2010 жылдан бастап), Халықаралық отбасы күнін мерекелеу шеңберінде, 15 мамырда республиканың барлық өңірлерінде «Мөлдір бұлақтан...» - «От чистого истока» отбасылық шығармашылық фестивалі өтеді. Фестивальдің негізгі мақсаты – балалары бар отбасыларын көтермелеу, негізгі отбасылық құндылықтарын бекіту, қазақстандық отбасының беделін жоғарылату. Ағымдағы жылда 15 мы отбасы отбасылық шығармашылық фестивалінің қатысушылары болды.

Қазіргі уақытта республикада «Қазақстан балалары» ғылыми-әдістемелік журнал басылып шығады, онда басқа да мәселелермен қатар отбасылық дәстүрлерді жаңғырту, отбасылық тәрбие мәселелері жарықтандырылады, отбасылық құндылықтар және басқалар насихатталады. Журналды

ұйымдастырушы ҚР БҒМ Балалар құқығын қорғау жөніндегі комитет болып табылады.

Сонымен қатар, «Отбасы және балабақша», «Семейное воспитание», «Как стать хорошим родителем», «Справочник классного руководителя» және «Библиотека классного руководителя» журналдары басылып шығады.

Отбасылық қарым-қатынастарды бекітуде және балалық шақ мәселелерін шешуде ақпараттық қамтамасыз ету және жұртшылықпен байланыс айрықша роль атқарады.

Ол үшін әлеуметтік жетімдікті алдын-ала ескерту, қараусыздықтың, панасыздықтың және кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы, отбасы және отбасылық тәрбие құндылықтарын насихаттау мақсатында теле- және радиобағдарламаларын жасау бойынша жұмыс жүргізілуде.

«Өзін өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын ақпараттық сүйемелдеу үшін арнайы телехабарлар мен баспа БАҚ-тарда айдарлар құрылған. 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап бағдарлама республиканың барлық республикалық және облыстық телеканалдарындағы 344 шығарылымдарда және облыстық және республикалық газеттер мен журналдардың 18 айдарларында жарықтандырылды.

Тек ҚР БҒМ Балалар құқығын сақтау жөніндегі комитет 2013 жылғы 9 ай ішінде балалық шақ мәселелері бойынша 650 мақала жарияланды, балалар құқықтарын қорғау, әлеуметтік жетімдіктің профилактикасы, баланың толыққанды дамуы үшін отбасының тәрбиелік қызметін іске асыру жөніндегі мәселелерді түсіндіруге бағытталған телехабарлар мен ток-шоуда қатысу болды.

Балалар құқықтарын қорғау мәселелеріндегі мемлекет саясаты

Қазақстандық балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі болып табылады.

Қабылданған заңдар, нормативтік құқықтық актілер балалар құқықтарын қорғау саласындағы жағдайды жақсартуға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, елде балалар мүддесінде **заңнаманы жетілдіру** бойынша жұмыс жалғасуда.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде «Тұрмыстық зорлыққа қарсылық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасы қаралуда.

Бұл заңжоба отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті қатайтуды қарастырады.

Заңжобасы «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы заңына қиын өмірлік жағдайда тұрған бала құқықтарын қорғау бөлігінде өзгертулер мен толықтырулар енгізуді жорамалдайды.

Қазіргі уақытта ҚР Парламентіне балаларға қарсы жасалатын қылмыстар мен құқықбұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту болжанған ҚР Қылмыстық Кодексінің, ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексінің, ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодекстің жаңа жобалары әзірленді және енгізілді,

«Балаларды олардың денсаулығы және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» (бұдан әрі – заң жобасы) және «Балаларды олардың денсаулығы және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарының жобалары әзірленді.

Заң жобалары кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық кепілдігін бекітетін, балалар арасында ақпараттық өнімнің айналымы шарттарын және тәртібін белгілейтін және заңды және жеке тұлғаларға кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді жүктейтін нормаларды ҚР заңнамалық актілерінің бірқатарында іске асыру мақсатында әзірленді.

Балалардың, оның ішінде жетім балалардың және ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған, мемлекеттік және жеке меншік мекемелерде тәрбиеленетін балалардың құқықтарын қорғау саласында **заңнаманың сақталуын бақылау** жүргізіледі.

2012 жылы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының заңына балалар құқықтарын қорғау саласындағы бақылау бөлігіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Заңға сәйкес 2013 жылы балалар құқықтарын сақтау бойынша жетім балаларға және ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балаларға арналған 165 білім беру органдарын және ұйымдарын, мекемелерін тексеру жүзеге асырылды.

Оның ішінде тамақтандыруды ұйымдастыру, мектептердің қатысушылығы, мектептері жоқ елді мекендерден оқушыларды тасымалдау мәселелері бойынша 92 объект, сондай-ақ тоғыз өңірде (Астана, Алматы қалалары, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстары) Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының қызметі тексерілді.

Тексерулер барысында бұзушылықтар анықталды.

Тексерулер нәтижелері бойынша шаралар қабылданды: 12 лауазымдық тұлғалар атқаратын қызметінен босатылды, оның ішінде – 4 балалар үйлерінің басшылары, 1 уақытша жұмысынан шеттетілді, 3 әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 72 тұлғаға қатысты тәртіптік әсер ету шаралары қабылданды.

Тексерулер нәтижелері ағымдағы жылдың желтоқсанында ҚР Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ВАК отырысында қаралатын болады.

Балалардың құқықтарын және мүдделерін қорғау мақсатында ағымдағы жылдың шілдесінен бастап барлық өңірлерде жаңа мемлекеттік орган – балалар мүддесінен мемлекеттік саясатты жергілікті деңгейде іске асыруды қамтамасыз ететін **балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқарма** құрылды.

Әкімшілік реформа шеңберінде аумақтық органдар – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Қорғау жөніндегі комитетінің балалар құқықтарын қорғау жөніндегі департаменттері жойылды.

Балалар құқықтарын қорғаудың пәрменді тетіктерінің бірі өз құқықтары туралы балалар мен олардың ата-аналарының **құқықтық сауаттылығы және хабардарлығы** болып табылады.

Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының ережелері мен баптары туралы балалар мен жасөспірімдердің хабардарлығын жоғарылату үшін республикалық іс-шаралар өткізіледі: форумдар, басқосулар, конференциялар, пікірталастар және басқалар. Іс-шараларды өткізуге халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар мен бірлестіктер, ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдері, меценаттар және басқалар белсенді қатысады.

Саяси-құқықтық білімнің қажетті көлемін әрбір балаға беру мақсатында 34 сағат көлемінде 9-11 сыныптарда «Адам. Қоғам. Құқық» пәні, 5-9 сыныптарда «Өзін өзі тану» пәні бағдарламасында оқылады. Осылай, 7-9 сыныптарда «Өзін өзі тану» пәнінің шеңберінде «Адам және қоғам» бөлімі оқылады.

Сондай-ақ білім беру ұйымдарында қосымша сабақтар, сынып сағаттары, мектептен тыс іс-шаралар өткізіледі. Оқушылар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізетін мектептік үгіттеуші бригадалары жұмыс істейді.

Жыл сайын республикада «Конвенциямен бірге балалық шақ әлемі» онкүндігі өткізіледі, оның негізгі мақсаты – Конвенцияның негізгі ережелері туралы балалар мен олардың ата-аналарының құқықтық мәдениеті және хабардарлық деңгейін жоғарылату.

Конвенцияның ережелері туралы балалардың хабардарлығы туралы жыл сайын республиканың қалалық және ауылдық өңірлерінің 800 мыңнан астам балаларды қамтитын әлеуметтік зерттеулер балалардың өз құқықтары туралы құқықтық білімділік және хабардарлық деңгейі жоғарылап келе жатқанын көрсетеді. Егер 2010 жылы ол 56%-ды құраса, 2011 жылы – 68% , 2012 жылы – 76%, 2013 жылы – 81% құрады.

Балалармен жұмыс істейтін мамандардың хабардарлығын жоғарылату мәселелеріне маңызды назар бөлінеді.

Өңірлерде және орталық деңгейде балалар құқықтарын қорғау мәселелері бойынша педагогикалық, ата-аналар жұртшылығының, сот және құқық қорғау органдарының өкілдерімен үйретуші семинарлар, тренингтер үнемі өткізіледі.

Балалар құқықтары мәселелері бойынша материалдар «Қазақстан балалары» (ҚР БҒМ Балалар құқығын сақтау жөніндегі комитетінің журналы), «Ребенок и право» және басқа да мерзімдік журналдар мен газеттерде жарияланады.

Балалар құқығын сақтау жөніндегі комитеттің www.bala-kkk.kz және балалар құқықтарын қорғау жөніндегі басқарманың сайтында балалар мен ата-аналарға қажетті ақпарат орналастырылған айдарлар құрылған.

Сондай-ақ, балалар құқықтарын қорғау тетіктерінің бірі **шағымдар мен өтініштерді** қарау болып табылады. Балалар мен олардың ата-аналары өз құқықтары бұзылған жағдайда қайда шағымдану керектігін біледі. 2010 сенім телефондары, блогтар, сайттар қызмет етеді.

2013 жылы тек Балалар құқығын сақтау жөніндегі комитетке 2013 жылғы 10 ай ішінде **367** жазбаша шағымдар және Балалар құқығын сақтау жөніндегі комитеттің және басқарманың сенім телефондарына, блогына **3 мыңнан** астам шағымдар келіп түсті.

2013 жылы түскен шағымдар санын 2012 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 224-ке көбейгендігін талдау көрсетті

Ең көп түскен шағымдар саны:

- балалардың, жетім балалардың мүлкітік құқықтарын қорғау және қалпына келтіру мәселелері бойынша – 70 (2012 жылы - 16);

- лауазымды тұлғалардың, сот атқарушыларының, құқық қорғау, денсаулық сақтау, білім бері, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары өкілдерінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдар - 45 (2012 жылы - 13);

- балалардың білім алуға құқығын іске асыру мәселелері бойынша (2012 жылы – 34) және баланың тұратын жерін анықтау және жақын туыстарымен қарым-қатынастар бойынша (2012 жылы – 37) 43 шағымнан;

- зорлық-зомбылық, қатал ұстау фактілері бойынша - 9 (2012 жылы - 3);

- оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру мәселелері бойынша – 8 (2012 жылы - 2) және басқалар.

Барлық жазбаша шағымдарға заңнамада белгіленген мерзімдерде жауаптар берілді, кейбір мәселелерді шешуге көмек көрсетілді, сондай-ақ «Мектепке жол! Акциясының шеңберінде қайырымдылық көмек көрсетілді.

Халықаралық, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік әріптестік саласындағы мемлекет саясаты

Балалар құқықтарын қорғау мәселері бойынша ведомствоаралық өзара әрекет белсендірілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы **Кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия** жұмысын жалғастыруда, оның жұмыс органы ҚР Білім және ғылым министрлігі болып табылады.

2013 жылы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған инклюзивті білім беру, жетім балаларды және ата-аналарының қарауынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселлері бойынша жергілікті атқару органдарымен видеоконференция байланысы режимінде ВАК-тың 12-ші отырысы өтті.

Жергілікті атқару органдары ВАК ұсыныстарын орындау бойынша жұмыс жүргізеді.

Мектепте тамақтандыруды жаңғырту мәселелері бойынша ВАК-тың 13-ші отырысы желтоқсанға жоспарланған.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалар құқықтарын сақтау жөніндегі комитетінің жанында құрылған **ҮЕҰ кеңесі** әрекет етеді, оның құрамына 37 үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кірді. 2013 жылғы сәуірде Павлодар қаласында «Әлеуметтік жетімдік профилактикасында ҮЕҰ және мемлекеттік органдар жігерінің бірігуі» тақырыбына Кеңестің **IV** кеңейтілген отырысы өтті.

2013 жылғы 23 қазанда Шығыс Қазақстан облысында «Балалар үйінде тәрбиеленушілерді өмірде орналасу, әлеуметтік интеграция және бейімдеу мәселелерін шешудің инновациялық тәсілдері» ҮЕҰ Кеңесінің **V** кеңейтілген отырысы өтті.

Екі жобаны іске асыру бойынша **БҰҰ Балалар қорымен (ЮНИСЕФ)** жұмыс жалғасуда:

- «Балаға достас қала»;
- «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулердің ықпалдандырылған үлгісін іске асырудың бес қадамы»

«Балаға достас қала» жобасының шеңберінде 2012 жылы Балалар құқықтарын сақтау жөніндегі комитеттің және Шымкент қаласы мен Қостанай қаласы әкімдіктерінің арасында ықтымақтастық туралы меморандумдарға, ал 2013 жылы – Нұра ауданының және Қарағанды қаласының әкімдіктерінің арасында меморандумдарға қол қойылды. Барлығы 20 меморандумға қол қойылды.

Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының халықаралық бастамаларды іске асыратын қалаларында «Аулалық клуб – балалар мүддесіндегі қозғалыс», «Бақытты отбасы» ата-аналарға арналған клуб (Астана қаласы), «Балаға достас емханалар», «Балаларға жылы шырайлы кітапханалар» (Қарағанды облысының Балқаш қаласы) жобалары ендірілуде, «Әкелер кеңесі» (Қарағанды облысының Сәтпаев қаласы), Отбасы мен балалық шақты қолдау орталығы, проблемалық отбасы орталығы (Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласы) жұмыс істейді, арнайы жабдықталған бөлмелерді құру және топтық сабақтарға балаларды тасымалдауды ұйымдастыра отырып инклюзивтік білім беру бағдарламалары әзірленді (Қарағанды облысының Сарань қаласы), балалар маслихаттары құрылды (Павлодар, Ақсу, Екібастұз, Балқаш, Қызылорда, Өскемен қалалары).

ЮНИСЕФ-пен бірлесіп Бала құқықтары туралы конвенцияны білуіне, сондай-ақ балалардың агрессивтілік деңгейін және кәмелетке толмағандар

арасында қатты ұстау және зорлық- зомбылық актілерінің көрінісін анықтау бойынша әлеуметтік зерттеулер өткізілді.

Сонымен қатар, 2009 жылы қол қойылған «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктерінің және Қазақстан Республикасындағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) арасындағы өзара түсінушілік туралы» үш жақты меморандумын іске асыру шеңберінде 2013 жылдың басынан бастап әзірленіп жатқан 12-жылдық білім берудің білім беру стандартына апаттық тәуекелді төмендету блоктарын ықпалдандыру бойынша бірлескен жұмыс жүргізілуде.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында 2013 жылы балалар құқықтарын қорғау мәселелері бойынша халықаралық сарапшылармен және халықаралық ұйымдарының өкілдерімен **20-дан астам кездесулер** өтті.

2013 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жергілікті атқару органдарымен және ҰЕҰ-мен бірігіп балалық шақ мәселелері бойынша **350-ден астам әлеуметтік маңызды** іс-шаралар өткізілді, олардың ішінде мыналар:

- «Қазақстан Республикасындағы асырап алу мәселелері» тақырыбына республикалық дөңгелек үстелдің отырысы (2013 жылғы 28 ақпан);
- Балаға достас қалалардың IV форумы (Қарағанды қаласы);
- жетім балаларға және ата-анасының қарауынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері арасында «Таң Шолпан» республикалық конкурсы (Қостанай қаласы);
- 8-ші бала еңбегін жою мәселелері жөніндегі Ұлттық ақпараттық кампания (ҰАК);
- педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқушылар арасында «Өзін өзі тану» бойынша бірінші республикалық олимпиада;
- даму мүмкіндіктері шектелген балаларға арналған «Жұлдызай» балалар шығармашылығының республикалық фестивалі (Астана қаласы);
- Халықаралық отбасы күніне арнаулы «Мөлдір бұлақтан» отбасылық шығармашылықтың өңірлік фестивалі;
- «Менің идеяларым менің еліме» балалар әлеуметтік бастамасының өңірлік қоғамдық тыңдаулары;
- «Өзін өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бойынша Республикалық Кеңестің төрт отырысы және басқалар.
- қорғаншылық және қамқоршылық, мектепте тамақтануды ұйымдастыру, КБО-дың қызметі, бала еңбегінің ең жаман түрлерінің профилактикасы, суицидтік көріністер, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық, балалардың ерікті қозғалысы мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдармен 8 интерактивті мәжілістер, семинарлар, конференциялар, форумдар.

Қорытындылар мен тұжырымдар

2014 жылы еліміз Бала құқықтары туралы конвенцияның 25 жылдығын және Қазақстанның оны ратификациялауының 20-жылдығын атап өтеді. 1994 жылы біздің мемлекетіміз Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясына қосыла отырып, балалардың мүддесін жан-жақты қорғау және ең жақсы қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдады.

Қазақстан соңғы екі онжылдықта бала құқықтарын қамтамасыз ету, оның экономикалық және әлеуметтік аман-саулығы саласында прогресске қол жеткізді.

Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясының ережелеріне және басқа да халықаралық шарттарға сәйкес балалық шақты құқықтық қорғаудың заңнамалық базасы қалыптастырылған және жетілдіруде.

Балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімді жүйесі жасалды.

Балалар жағдайын және олардың құқықтарын сақтауды жақсарту мәселелерін шешу үшін қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың қызметі күшейтілді.

Балаларды оқыту, тәрбиелеу, денсаулығын сақтау, физикалық және рухани дамуы, отбасыны және балаларды әлеуметтік қамтамасыз ету және қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру үшін қаржыландыру басымдығы белгіленді.

Балалар мүддесінде ұлттық саясатты іске асыруға Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға білім беруді және 2011-2015 жылдарға «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтауды дамыту мемлекеттік бағдарламалары бағытталған.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы аясында балалық шақты қорғауға бағытталған кең шаралар кешені іске асырылуда.

Білім беру жүйесінде өсіп келе жатқан ұрпақтың толыққанды физикалық, зерделі және өнегелі дамуы, инклюзивті оқытуды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалуда.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі мынадай қағидаттарға негізделген: міндетті түрде тегін орта білім, мектепке дейінгі және кәсіптік-техникалық білімге жалпыға бірдей қолжетімділік.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқуға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын іске асыру жалғасуда.

Бұл Бағдарламаның шеңберінде 2014 жылға дейін мектепке дейінгі білім берумен балалардың 70%-н қамтуға қол жеткізу жоспарланған. Бүгінгі күнге балаларды қамту **71,5%-ды** құрайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен балалардың 100%-н қамтуды қамтамасыз ету мақсатында «Балапан» бағдарламасын іске асыру мерзімі 2020 жылға дейін созылды.

Орта білім беру жүйесінде білім беру мазмұнының сапасын жақсарту бойынша бірқатар шаралар қабылданды.

Білім беру желісінің маңызды сипаттамасы оқушылардың әртүрлі білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін мекемелер бойынша оның саралылығы болып табылады.

Көп тілде білім беруді ендіру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

Көп тілді білім беретін мектептер саны 33-тен 90 мектепке дейін өсті.

Электрондық оқыту жүйесін дамыту білім беру сапасын, оның ішінде шағын жинақты ауыл мектептерінде жоғарылату проблемасын шешуге әсер етеді.

Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жұмыс жалғасуда.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің құрылымын және құрамын жаңарту бойынша жұмыс жалғасуда.

Балалардың қоғамдық өмірде өзін өзі көрсетуі үшін жағдайлар жасалуда.

Қазіргі уақытта Қазақстанда **1073** жастар бірлестігі жұмыс істейді.

Қатарларында 1 миллионнан астам балалар мен жасөспірімдер бар «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымдарының қызметін белсендіруге үлкен роль бөлінеді.

Біздің елімізде балалардың мәдени-рухани дамуына, шығармашылыққа, демалыс пен бос уақытқа құқықтарын іске асыру қосымша білім беру ұйымдарының желісі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік саясаттың басымдық бағыты балалардың денсаулығын сақтау және нығайту болып табылады.

Балалар денсаулық сақтау медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде қолжетімділікті және сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Кардиохирургияда, онкологияда, травматологияда, басқа да маңызды салалар қатарында жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және ең алдымен балаларды емдеген кезде жоғары медициналық технологияларды қолдануға ерекше назар бөлінеді.

Әйелдер мен балаларға жоғары мамандандырылған медициналық көмекті көрсетудің қолжетімділігін және сапасын жоғарылату мақсатында республикада қазіргі заманғы, әлем стандарттарына жауап беретін медициналық мекемелер қызмет етеді.

Тек 2013 жылғы 9 айдың қорытындылары бойынша 2012 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ана өлімі - 24%-ға, бала өлімі 17%-ға төмендеді

Балаларды тиісті емес өмір жағдайларынан және тәрбиеден пәрменді қорғау тетігін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Ата-аналарға ата-аналық құқықтарын қалпына келтіру туралы соттың шешімі бойынша туған отбасыларына балаларды қайтарудың оң үрдісі байқалуда.

Мемлекеттік органдар жергілікті атқару органдарымен бірігіп азаматтық қоғамның, ҰЕҰ-дың қолдауымен балалар үйлерін қайта институционалдау және әлеуметтік жетімдіктің профилактикасы бойынша шаралар кешені жүзеге асырылады.

117 Қабылдаушы ата-аналар мектебі және **69** Отбасыны қолдау қызметтері жұмыс істейді. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың отбасылық түрлері белсенді дамуда.

Жыл сайын республикада отбасына баланы асырап алғысы келетін азаматтарды қолдауға және тартуға бағытталған «Ризашылық - Доброта во благо детям...!», «Қуан, сәби», «Қамқоршы күні» қамқоршылық мерекелері өтеді.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерінің түлектерін интернаттан кейін бейімдеу үшін оларға білім алуды жалғастыруға, жұмысқа орналастыруға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге, тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеуге көмек көрсетуді қарастыратын жағдайлар жасалады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды (2013 жылғы 4 шілде). Бұл заң жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға бірінші кезекте тұрғын үй алу құқығын қарастырады.

БАҚ-та «Біздің балаларымыз», «Үйге жол», «Әр балаға – отбасы», «Әлемге мен керекпін, маған отбасы керек» және басқа да арнайы айдарлар және хабарлар, әлеуметтік видео роликтері ұйымдастырылған.

Нәтижесінде елде жетім балалардың санының тұрақты қысқару үрдісі байқалады.

Балалар үйлеріндегі балалар саны **1008-ге** төмендеді.

Жетім балаларға және ата-аналарының қарауынсыз қалған балаларға арналған 10 ұйым жабылды және 2 жасөспірімдер үйі ашылды.

Балалары бар отбасыларын әлеуметтік қолдау жүйесі жетілдіруде, әлеуметтік шығындарды қаржыландыру көлемі жоғарылауда.

Балаларды тәрбиелейтін отбасыларына мемлекеттік жәрдемақы жүйесімен 1 миллионнан астам адам қамтылған.

Республикада жүйелік негізде отбасы институтының беделін жоғарылатуға, қоғамда ең жақсы отбасылық дәстүрлерді насихаттауға, физикалық және өнегелі дені сау ұрпақты тәрбиелеуде отбасының еңбегін мойындауға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізіледі.

2013 жылдан бастап республикада Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес **Отбасы күні** мерекеленеді.

Кәмелетке толмағандар арасында қараусыздықтың, панасыздықтың және құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің, суицидтік көріністердің алдын алу бойынша іс-шаралар кешені, оның ішінде «Жеткіншек», «Мектепті бітіру кештері», «Демалыстар», «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Жұмыспен қамту», «Мен және менің полицейім» жедел-профилактикалық рейдтер мен акциялар өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмысын жалғастыруда.

Кәмелетке толмағандарға, қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларына қатысты профилактикалық және оңалту іс-шараларының тәсілдерін жетілдіру мақсатында жұмыс тәжірибесі зерделенетін, туындайтын проблемаларды шешу үшін шаралар әзірленетін семинарлар, конференциялар, отырыстар тұрақты түрде өтеді.

Жалпы алғанда, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың орташа есеппен 6-7% төмендеуі байқалады.

Өз құқықтары туралы балалар мен олардың ата-аналарының құқықтық сауаттылығы және хабардарлығы бойынша жұмыс жандандырылды.

Халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың қолдауымен «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» кең ауқымды жалпы ұлттық ақпараттық науқан өткізіледі.

Қазақстан тұрақты ішкі саяси жағдайы бар, әскери және ұлтаралық шиеленістері жоқ елдерге жатады.

Қарулы жанжалдарға, соғыс іс-қимылдарына қатысуға балаларды тартуға, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттауға елде заңнамалық актілермен тыйым салынады.

Сонымен қатар, балалар құқықтарын сақтау саласында өзекті мәселелер бар, оларды шешуге күш-жігер бағытталатын болады.

Бірінші. Оқушылардың денсаулық жағдайы және білім беру ұйымдарында балаларға медициналық қызмет көрсету

Оқушылар арасында көру органдарының және дене сымбаты бұзылыстары, сколиоздар, жүйке жүйесінің, асқазан-ішек жолының және тыныс алу мүшелерінің аурулары сияқты аурулардың жоғары таралғандығы байқалады. Тері және жүйке жүйесінің аурулары бар балалар саны ұлғайды.

Мектептердің тек 86,8 %-да ғана медициналық бөлмелер бар. Медициналық бөлмелерді ұйымдастыруға жағдайларының жоқтығына байланысты мыңға жуық бастауыш мектептерінде олар жоқ.

Бұл бағытта күш-жігер мыналарға бағытталатын болады:

- балалардың денсаулығын және физикалық даярлығын тұрақты мониторингтеу жүйесін жетілдіруге;
- салауатты өмір салтын насихаттауға;
- ауруы бойынша диспансерлік топтың есебінде тұратын балаларға медициналық жұмыскердің рұқсат беруімен және бақылауымен сауықтыру тобына баруын қамтамасыз етуге;
- барлық білім беру ұйымдарында медициналық бөлмелерді ашуға және жабдықтауға.

Екінші. Мектепте сапалы тамақтандыруды ұйымдастыруды қамтамасыз ету

Оқушыларды тамақпен қамтамасыз ету саласындағы жағдай оны жақсарту бойынша түбегейлі шаралар қабылдау қажеттілігін негіздейді.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу нәтижесінде, оқушыларға барлық уақытта емес сапалы тағамдар ұсынылады (алдын ала демпинг бағаларымен конкурстарда жеңіске жеткен кәсіпорындардың қатысуы).

Ас мәзірі балалардың биологиялық құнды заттарға физиологиялық мұқтаждығы есебінен емес баға есебінен құрылады.

Оқушыларға арналған азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейді.

Бүгін 74,9% мектеп асханаларының тамақ блоктарының жеткіліксіз технологиялық жабдықталуы, 47,8% мектептерде орталық сумен жабдықтаудың және 51,5% мектептерде кәріз желісінің жоқтығы байқалады.

Бұл бағытта күш-жігер мыналарға бағытталамын болады:

- Оқушыларға тамақтандыруды ұйымдастыру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамаларына өзгерістер енгізу;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыру нормалары мен ережелерінің сақталуына бақылауды күшейту;
- мектептік тамақтанудың стандарттары мен нормаларын әзірлеуге;
- оқушылардың барлық әлеуметтік қорғалмаған санатын және бастауыш сынып оқушыларын тегін сапалы тамақтандырумен қамтамасыз етуді ескере отырып «Мектептік тамақтану» өңірлік бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға;
- мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында 2020 жылға дейін 16 мектепте тамақтандырудың энергия үнемдейтін комбинатының құрылыс арқылы мектептік тамақтандыруды модернизациялауға.

Үшінші. Әлеуметтік жетімдіктің профилактикасы және деинституционалдандыру стратегиясын іске асыру

2013 жылы ата-аналық міндеттерін атқармайтын 734 ата-ана ата-аналық құқықтарынан айрылды.

Денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдарында тәрбиеленетін 9 мыңнан астам жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың 80%-нан көбі – тірі ата-аналары бар «әлеуметтік жетімдер».

Бұл бағытта күш-жігер мыналарға бағытталамын болады:

- отбасылық типті балалар үйлерін ашуға, ірі балалар үйлерін қайта ұйымдастыруға;

- асырап алу, қорғаншылық және қамқоршылық, асыранды отбасы және балаларды орналастырудың басқа да отбасылық түрлерінің институтын дамытуға және ынталандыруға, балалар үйлерінде тәрбиеленушілер санын төмендетуге;
- ЮНИСЕФ-пен және ЖАО-мен бірігіп кәсіптік қамқоршылықтық тәрбиелеу жүйесін құру бойынша пилоттық жобаны әзірлеуге;
- Қабылдаушы ата-аналар мектептерінің және отбасыны қолдау қызметтерінің желісін дамытуға және олардың қызметін әдістемелік қамтамасыз ету;
- қиын өмірлік жағдайға тап болған балалары бар отбасыларын ерте анықтау бойынша оларға өз уақытында көмек көрсету үшін ведомствоаралық өзара әрекет тетігін ендіруге;
- «Бала жанұяда өмір сүруге тиіс» қоғамдық қозғалысының әлеуметтік бастамасын қолдау және іске асыру;
- қазақстандық отбасыларына жетім балаларды орналастыру мәселелері бойынша позитивті қоғамдық пікір қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жарнаманы жандандыруға.

Төртінші. Балалар үйлерінің түлектерін тұрғын үй құқығымен қамтамасыз ету

Бүгін 33682 жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың **4822**-сінде (15%) бекітілген тұрғын үйлер бар.

Соңғы сегіз жыл ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 1338 пәтер бөлінді.

2013 жылы 1123 жұмысқа орналастырылған балалар үйлері бітірушілерінің 3 % түрлі себептермен оқуларын аяқтаған жоқ (бала күтімі демалысы, оқуға ынтасы жоқ т.б.).

Бұл бағытта күш-жігер мыналарға бағытталады:

- «Жетім балалардың, ата-аналарының қарауынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын іске асыруды бақылауға;
- жергілікті атқару органдарына жетім балаларға және ата-аналарының қарауынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектерін тұрғын үймен және жұмысқа тұрғызумен қамтамасыз ету бойынша кешенді жоспарларды әзірлеу және ендіру бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауды бақылауға;
- «Өмір мен мансапты жоспарлау» бағдарламасы аясында Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Атырау облыстарында және Алматы қаласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде бітірушілерді өз бетімен өмір сүруге және бастамашыл еңбекке дайындау жұмыстарын жүргізуді жалғастыру.

Бесінші. Зорлық және қатаң қараудың, адамдар саудасының, еңбегін пайдаланудың және басқалардың құрбаны болған балаларды қорғауды қамтамасыз етудің нәрменді тетіктерінің жоқтығы.

Бүгін республикада 12 мыңнан астам нашар тұратын отбасылар саналады. Оларда 19 мыңнан астам балалар тәрбиеленеді. Жыл сайын бір мыңнан астам ата-ана ата-аналық құқықтарынан айрылады. Қазіргі уақытта ІІМ-нің Ықпалдандырылған деректер банкіне қиын өмірлік жағдайға тап болған 13 мыңнан астам кәмелетке толмағандар туралы деректер енгізілген.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының мәліметі бойынша 2013 жылғы 9 ай бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстардың саны 5,4 % өскен (6682-ден 7042 дейін).

Бұл бағытта күш- жігер мыналарға бағытталамын болады:

- Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында кәмелетке толмағандарды ұстауға қатысты әлеуметтік дезадаптацияға және әлеуметтік депривацияға әкелген қатыгездік салдарынан қиын өмір жағдайындағы балалар санатымен толықтыру бөлігінде нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу.

- адам саудасының құрбаны болған кәмелетке толмағандарды бейімдеу мәселесі бойынша КБО қызметкерлерінің мамандандырылған оқуын ұйымдастыруға;

- зорлық және адам саудасының құрбаны болған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бойынша тиімді ведомствоаралық өзара әрекетті қамтамасыз ету;

- отбасылық бейберекетті ерте анықтауға азаматтық қоғам институттарын тартуға;

- мемлекеттік айрықша қамқорын қажет ететін балалары бар отбасыларына әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамытуға, отбасыға әлеуметтік қызмет көрсетулер түрлерін көбейтуге;

- қатаң қарау және зорлық құрбаны болған кәмелетке толмағандарға әлеуметтік, психологиялық және басқа да көмек түрлерін алу мүмкіндіктері туралы халықты кеңінен хабардар ету тетігін жетілдіруге;

- БАҚ-та кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру кампаниясын ұйымдастыруға, балалардың және жасөспірімдердің позитивті хабарлары мен бағдарламаларын жылжыту үшін ақпараттық кеңістікті ұлғайту

Алтыншы. Оқушылардың физикалық дамуы және тұрғылықты жері бойынша балалардың бос уақытын ұйымдастыру

Жалпы білім беру мектептерінің 26,7%-да спорттық залдар жоқ. Мектептердің спорттық жабдықтармен және бұйымдармен қамтамасыз етілуі жеткіліксіз қалуда.

Әрбір жыл сайын физикалық даярлық бойынша Президенттік тесттердің нормативтерін ойдағыдай тапсыратын оқушылар саны азаюда.

Бүгін денсаулық жағдайы бойынша немсе «Денсаулық топтары» деп аталатын медициналық топтарға денсаулығы әлсіреген 20 мыңнан астамы ғана барады.

Балалар аулалық клубтары желісі дамытылмайды.

Негізінен тұрғын үйлердің жертөлелерінде және жертөлелік үй-жайларында орналасқан бұл клубтардың материалдық-техникалық базасы балалардың және жасөспірімдердің бос уақытын сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді.

Бұл бағытта жергілікті атқару органдарымен бірігіп күш-жігер мыналарға бағытталады:

- 2014-2015 жылдар ішінде жалпы білім беру мектептерін жабдықпен жасақтау нормаларына сәйкес спорттық залдармен және спорттық бұйымдармен қамтамасыз етуге;

- спорт инфрақұрылымын дамыту және халықтың әртүрлі қабаттарын, оның ішінде балаларды үнемі дене тәрбиесі және спорт сабақтарына қатыстыру жолымен балалардың денсаулығын нығайту үшін жағдай жасауға;

- тұрғылықты жері бойынша отбасылық спорт клубтарын және отбасылық демалысты ұйымдастыруды қоса алғанда балалармен жұмыс істеу үшін дене тәрбиелік-спорттық клубтар желісін құруға;

- көп балалы отбасының 18 жасқа дейінгі балалары үшін спорт секцияларына, спорттық сауықтыру орталықтарына, бассейндерге және жаттығу залдарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

- денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды дене тәрбиесі сабақтарымен қамтамаыз ету мақсатында мамандарды даярлауға;

- физикалық белсенділікті насихаттау бойынша балалар арасындағы жұмысты белсендіруге, ата-аналар мен балаларға арналған бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізуге.

Сөйтіп, республикадағы министрліктердің және ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдардың қызметі қазақстандық балалардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша ведомствоаралық баланстандырылған саясатты жетілдіруге бағытталады.

Мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық және басқа ұйымдар өкілдерінің ынтымақтастығы және күш-жігерінің бірігуі балалар мүддесіне және олардың өмір сапасын көтеруге байланысты экономикалық және әлеуметтік саясатты ойдағыдай жүргізуге мүмкіндік береді.

Қысқартулар тізімі

СДТІА	ҚР Спорт және дене тәрбиесі істері жөніндегі агенттігі
ҚР СА	ҚР Статистика жөніндегі агенттігі
АӘК	Атаулы әлеуметтік көмек
ҚР ЖС	Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты
ДДҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЖПД	Жалпы практика дәрігерлері
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖОО	Жоғарғы оқу орны
БДҚ	Балаға достас қала (жоба)
МЖБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚР БП	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
МБДБ	Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы
БҒК	Бәсекелестікке қабілеттіліктің ғаламдық көрсеткіші
ІД	Ішкі істер департаменті
БЦС	Балалар церебралдық салы
БҰТ	Бірыңғай ұлттық тестілеу
ДЫБ	Кәмелетке толмағандарды бірыңғай есепке алу деректерінің ықпалдандырылған банкі
БЖАЫЖ	Балалық жастың ауруларын ықпалдандырып жүргізу
ӘҚК	Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
ҚР СІМ	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ЖАО	Жергілікті атқару органдары
ІІМ	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
МСХ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚМ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ҚОҚМ	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
МAM	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ТЖМ	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі
ӘМ	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
БАК	Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия
ЕХӘҚМ	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
ҰАК	Ұлттық ақпараттық кампания
НЗМ	Назарбаев Зияткерлік мектептері
ҮЕҮ	Үкіметтік емес ұйымдар
ҰБЖО	Ұлттық біліктілікті жоғарылату орталығы
БЕЖТ	Бала еңбегінің ең жаман түрлері
ІБ	Ішкі істер бөлімі
БҰҰ	Біріккен ұлттар ұйымы
КДДБ	Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау
ПМПК	Психологиялық медициналық педагогикалық консультациялар
АМСК	Алғашқы медициналық санитарлық көмек
БҰҰДБ	Біріккен ұлттар ұйымының даму бағдарламасы
РОБО	Республикалық оқу-білім беру орталығы
ҚР	Қазақстан Республикасы
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ТжКБ	Техникалық және кәсіптік білім
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
КБО	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы